

ЖУРНАЛИСТІҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫ

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

**Астана
2025**

Рецензент:

Г. Асанбаева – философия ғылымдарының кандидаты, доцент,
журналистік білім беру және медиасауат жөніндегі сарапшы,
Азия ақпарат және коммуникация орталығының (AMIC)
Қазақстандағы өкілі



Funded by
the European Union

М. Б. Айтмағамбетова, Д. Ю. Окремова, Д. Радзевичус

Журналистің кәсіби этикасы: оқу-әдістемелік құрал /

М. Б. Айтмағамбетова, Д. Ю. Окремова, Д. Радзевичус — Астана, 2025.—
104 бет.

ISBN

“Журналистің кәсіби этикасы” оқыту-әдістемелік құралы журналистика факультетінің оқытушыларына арналған. Материалдар “Журналистика” білім беру бағдарламасы студенттерінің этикалық қағидаттар мен кәсіби ұстанымдарды кешенді түсінуін қалыптастыруға бағытталған.

Құралда қақтығыстарды жариялау, халықтың осал топтарымен жұмыс істеу сияқты этикалық мәселелер қарастырылады, кәсіби жағдайлардағы этикалық мінез-құлықтың қыр-сыры ашылады. Сонымен қатар, журналистің автономия, моральдық жауапкершілік пен күрделі этикалық дилеммалар сияқты ішкі қақтығыстары да қарастырылады.

Оқу құралы дәріс тезистері, практикалық және зертханалық тапсырмаларды қамтиды. Авторлар қазақстандық және халықаралық тәжірибеден алынған кейстер, интерактивті тапсырмалар, киноматографикалық зертханалар ұсынады. Материалдар оқыту форматына сәйкес бейімделіп қолданылуы мүмкін.

УДК
ББК

Материалдардың шынайылығы, грамматикалық және орфографиялық қателер үшін жауапкершілік авторлар мен құрастырушыларға жүктеледі.

ISBN

© Айтмағамбетова М.Б. және т.б., 2025
© Құқықтық медиа-орталық ҚҚ, 2025

Бұл жарияланым Еуропалық Одақ есебінен қаржыландырылады.
Оның мазмұнына тек «Құқықтық медиа-орталығы» ҚҚ жауапты
және міндетті түрде Еуропалық Одақтың көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ

- 4 Алғысөз орнына
- 5 Оқу-әдістемелік модуль сипаттамасы
- 13 Модуль бағдарламасы
- 13 Кәсіби этика пәніне кіріспе
- 18 Журналистік этика дамуының тарихы
- 24 Журналистік этика кодекстері
- 29 Журналист кәсібіндегі кәсіби дербестік пен моральдық жауапкершілік
- 34 Журналист мамандығындағы этикалық дилеммалар
- 41 Журналист пен материал кейіпкерлері: этикалық тұрғыдағы өзара қарым-қатынас
- 49 Журналист пен ақпарат көздері арасындағы қарым-қатынастың этикалық принциптері
- 58 Қайғылы оқиғалар, қақтығыстар мен зорлық-зомбылықты жариялау: этикалық қырынан қарау
- 66 Медиалық пікір білдірудің этикалық шекаралары
- 70 Журналист пен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынастың этикалық принциптері
- 73 Медиаэтика және экономикалық қысым: жарнама, демеушілер, нативті интеграция
- 77 Визуалды контент этикасы: фото, видео, графика
- 84 Цифрлық орта мен әлеуметтік медиа этикасы
- 88 Жасанды интеллектті (ЖИ) журналистік кәсіби қызметте қолданудың этикалық аспектілері
- 96 Редакциялық саясат және ішкі стандарттар
- 102 Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Соңғы жылдары медиакеңістік қарқынды өзгеріске ұшырауда. Ақпаратты таратудағы техникалық формалардың өзгеруімен қатар, журналистің әлеуметтік рөлі де өзгере түсуде, бұл өз кезегінде одан жаңа кәсіби құзыреттерді ғана емес, сонымен бірге қазіргі медиаға тән этикалық мәселелерді тереңрек түсінуді талап етеді. Сондықтан қазіргі таңда кәсіби этиканы, соның ішінде журналистік білім берудегі этикалық қағидаларды қайта қарастыру қажеттілігі ерекше сезіледі. Ұсынылып отырған оқу құралы осы пәнді оқытуда әдістемелік тірек бола алады.

Оқырман назарына журналистік білім беру мен медиасауат саласындағы сарапшы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлнар Асанбаеваның рецензиясы ұсынылады.

«Журналистің кәсіби этикасы» атты оқу-әдістемелік құралы — Қазақстан жоғары оқу орындарында журналистика мен бұқаралық коммуникацияны оқып жүрген студенттер, магистранттар мен докторанттар үшін қажетті оқу ресурстарының тапшылығын толықтыратын маңызды еңбек.

Цифрландыру үдерісі мен жасанды интеллектті қолдану медиа кеңістігін түбегейлі өзгертіп, контент өндірушілердің кәсіби мінез-құлық ережелеріне де айтарлықтай әсер етті. Бұл оқу құралы аталған өзгерістердің себептерін талдай отырып, журналистиканың жаңа кәсіби стандарттарының қалыптасуына үлес қосады. Бұл өз кезегінде қазіргі уақыттың басты дағдарысы — журналистикаға деген қоғамдық сенімнің төмендеуі мәселесін шешуге оң ықпал етуі мүмкін.

Жаңа оқу құралы — цифрлық журналистика этикасының заманауи шетелдік тәсілдері мен қазақстандық журналистика тәжірибесіне жасалған терең талдаудың үйлесімді теңгерімімен ерекшеленеді.

Журналистердің жұмысында жасанды интеллектті қолдану кезінде зияткерлік меншікке құрмет, ашықтық, есептілік пен қауіпсіздік қағидаттарын сақтау қажеттілігі туралы ұсынылған негіздеме — бұл еңбектің инновациялық қыры.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл құрал оқытудың жаңа интерактивті түрлерін (мысалы, «кинематографиялық зертхана») ұсынады. Бұл тәсіл студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың сыни ойлау қабілеті мен аналитикалық дағдыларын тиімді дамытуға септігін тигізеді.

Қазақстанда жасанды интеллект туралы ұлттық заңнаманың енді ғана қалыптасып келе жатқанын және отандық цифрлық журналистика бойынша іргелі зерттеулердің жоқтығын ескерсек, бұл оқу құралы жұмыс істейтін журналистер мен бұқаралық коммуникация саласы өкілдерінің біліктілігін арттыруға сәтті пайдаланылуы мүмкін.

Асанбаева Г. Д.

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МОДУЛЬ СИПАТТАМАСЫ

Журналистика факультеттерінің
оқытушылары мен студенттеріне
арналған оқу модулі

1. МОДУЛЬ СИПАТТАМАСЫ

Қазіргі журналистика жаһандық трансформация кезеңін бастан өткеруде: цифрландыру, ақпараттық соғыстар, элеуметтік желілердің дамуы, жасанды интеллект және жалған ақпарат көлемінің артуы – мұның барлығы мамандыққа жаңа сын-тегеуріндер әкелуде. Журналист жұмысының этикалық нормаларын сақтау — бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімді қамтамасыз етудің және кәсіби беделді сақтаудың ажырамас шартына айналуда. Цифрлық ортада этикалық стандарттарды (ақпараттың шынайылығы, фактіні тексеру, адамға құрметпен қарау, өшпенділік тілі мен манипуляциядан бас тарту) сақтау тек моральдық емес, сонымен қатар стратегиялық маңызға ие. Этикалық қағидаттарды жүйелі түрде сақтау аудиторияның сенімі мен адалдығын қалыптастыруға, олардың контентпен өзара әрекеттесуге, бөлісуге дайындығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық журналист күн сайын көптеген этикалық сын-тегеуріндермен бетпе-бет келеді: қоғамның ақпарат алу құқығы мен жеке тұлғаның жеке өміріне қол сұқпау құқығы арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігі, жалған ақпаратпен, өшпенділік тілімен және манипулятивтік тәсілдермен күресу, қақтығысты және дағдарыстық жағдайларда туындайтын этикалық дилеммалар. Мұндай жағдайда болашақ мамандарда кәсіби құндылықтар жүйесін, жарияланатын ақпарат үшін жауапкершілікті және өз әрекеттерінің салдарын терең түсіну қабілетін қалыптастыру аса маңызды.

«Журналистің кәсіби этикасы» пәнін оқыту студенттердің этикалық талдау және кәсіби рефлексия жасау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ ұлттық және халықаралық кәсіби кодекстермен белгіленген әмбебап моральдық нормалар мен журналистиканың этикалық стандарттарын ұғынуға бағытталған. Бұл пән сыни ойлау қабілетін, күрделі этикалық жағдайларда байыпты шешім қабылдау қабілетін дамытып, журналистік практикада гуманизм мен әділеттілік қағидаттарына құрметті және жеке жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Курс кәсіби дербестік пен этикалық дилеммалар мәселелерін қамтиды. Халықаралық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарын өзін-өзі реттеу жүйелеріне — этикалық қақтығыстарды шешудегі тиімді меха-

низм ретінде ерекше көңіл бөлінеді. Авторлар келесі тақырыптық блоктарды егжей-тегжейлі қарастырады: халықтың осал топтарын жариялау этикасы, жарнамадағы этика, кәмелетке толмағандарды жариялау этикасы, журналистердің кәсіби этикалық кодекстері және т.б. Сонымен қатар, қазақстандық және халықаралық кәсіби контекстерге, журналистің қоғам, аудитория, ақпарат көздері және әріптестері алдындағы жауапкершілік мәселелеріне ерекше назар аударылады.

КУРС 3–5 КРЕДИТ КӨЛЕМІНДЕ ЕСЕПТЕЛГЕН:



Әр тақырып ішінде ұсынылатын практикалық сабақтардың саны көрсетілген. Курс аясында зертханалық практикумдар да ұсынылады, оларды практикалық сабақтарға қосуға немесе жеке өткізуге болады. Оқу барысында дәріс тезистері ұсынылған. Әр тақырыпта Қазақстан мен әлемдегі шынайы этикалық жағдайларға негізделген практикалық кейстер, кинематографиялық зертханалар және шығармашылық тапсырмалар бар. Барлық материалдар ұсынымдық сипатта беріліп, оқытушының таңдауы бойынша қолданыла алады.

2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕР

Мақсат – студенттердің кәсіби журналистік этика саласындағы ғылыми-практикалық білімін, дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыру, кәсіби қызметінде журналистік стандарттар мен этикалық қағидаларды сақтауға тұрақты уәжді дамыту.

Міндеттер:

Ғаламдану дәуірінде БАҚ-тың артып келе жатқан рөліне байланысты заманауи теориялармен студенттерді таныстыру

Қазақстандағы заманауи журналистикада кездесетін нақты жағдайлар мен кәсіби қақтығыстарды талдау арқылы студенттердің адамгершілік қиялын және сыни ойлау қабілетін дамыту;

Студенттерге журналистердің кәсіби мінез-құлық жөніндегі халықаралық кодекстерін зерттеу арқылы этикалық талдау жасау әдістерін ұсыну;

Күрделі жағдайларда кәсіби мінез-құлықты этикалық бағалау дағдыларын қалыптастыру, моральдық шешім қабылдау мәдениетін жетілдіру

3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Курсты оқыту нәтижесінде студенттер:

- этиканы басқару жүйесінің элементтері мен оның тиімділік факторларын біледі;
- кәсіби институттың қалыптасуында, жеке және кәсіби беделді арттыруда этиканың маңызын, кәсіби этика мен іскерлік этиканың өзара байланысын және мәдени нормалардың кәсіби мінез-құлыққа ықпалын түсінеді;
- журналистің кәсіби практикадағы этикалық мәселелерін анықтай алады;
- практикалық жағдайлар мен тақырыптық зерттеулерде этикалық теорияларды қолдана отырып, қоғам мүддесін көздейтін жауапты шешімдер қабылдай алады;
- өз кәсіби мінез-құлқы мен басқалардың шешімдерін этикалық дәлелдер негізінде конструктивті, сыни және өзіндік сын тұрғысынан бағалай алады.

4. ОҚЫТУ ФОРМАТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Курс құрылымында біз проблемалық оқыту әдістеріне, талдау мен синтезді пайдалануға, жағдайларды үлгілеуге, студенттер мен оқытушы арасындағы рефлексия мен кері байланысты орнатуға, сондай-ақ өзара бағалау тәсіліне (peer review әдісі) ерекше назар аудардық.

Курс аясында келесі оқыту форматтарын қолдануды ұсынамыз:

- интерактивті дәрістер (пікірталас элементтерімен);
- кейс-стади – нақты этикалық жағдайларды талдау;
- ойын үлгілеу және рөлдік ойындар;
- кинематографиялық зертханалар;
- семинарлар аясындағы баяндама және презентациялар;
- медиаанализ, эссе және аналитикалық мәтіндер.

5. МОДУЛЬ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

«Журналистің кәсіби этикасы» пәні «Журналистика» білім беру бағдарламасының міндетті кәсіби даярлық компоненттерінің бірі болып табылады және студенттерде журналистік қызметте кәсіби-этикалық нормаларды сақтау бойынша базалық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Практикалық және зертханалық сабақтарға, пікірталастарға, кейстерді талдауға және нақты жарияланымдарды сараптауға белсенді қатысу — курстың ажырамас бөлігі.

Дәрістер теориялық негіз береді, білімді құрылымдайды және оларды өткізбеу — рұқсат етілмейді. Практикалық сабақтар — топпен белсенді жұмыс, пікір алмасуға қатысу, этикалық кейстерді талдау және ауызша баяндама жасауды көздейді. Зертханалық сабақтар (бар болған жағдайда) жарияланымдарды талдау, кәсіби жағдайдағы этикалық шешім қабылдау дағдыларын дамыту және жазбаша тапсырмалар дайындауға бағытталған.

СТУДЕНТТЕР МІНДЕТТІ:

- академиялық адалдықты сақтау;
- пікірталасқа қатысушы өзге тұлғалардың пікіріне құрметпен қарау;
- тапсырмаларды уақытында орындау;
- талқылауларға белсенді қатысу;
- оқытушының рұқсатынсыз рефлексивті эссе жазу немесе кейстерді талдау барысында жасанды интеллектті немесе автоматтандырылған жүйелерді қолданбау.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Студенттің оқу барысы бүкіл семестр бойы бағаланады, жалпы бағалау 100% құрайды. Қорытынды баға келесі компоненттерден тұрады:

Жұмыс түрі	Мерзімі	Ең жоғары балл	Ескертпе
Сабаққа қатысуы және белсенділігі	Семестр бойы	10 балл	Пікірталастарға, қысқа тапсырмаларға қатысуды есепке алу
Ағымдағы практикалық (зертханалық) тапсырмалар	Семестр бойы	30 балл	Кейстерге анализ, бірлескен жұмыс, мини-эссе
Таңдалған этикалық тақырып бойынша рефлексивтік эссе	6,12 апта	20 балл	Жеке жұмыс
Кейс бойынша этикалық талдау	Семестр барысында кемінде 5 жұмыс	40 балл	Өткен материал бойынша қорытынды
Қорытынды		100 балл	

Емтихан шығармашылық форматта өткізіледі. Студенттер қазақстандық журналистика материалдары негізінде кейс-стади дайындайды және заманауи этика мәселелері бойынша таңдалған тақырыпта аналитикалық жұмыс жазады.

6. МОДУЛЬ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тақырып	дәрістік, кемінде	практикалық, кемінде	ӨОЖ (өзіндік оқу жұмысы), кемінде
Кәсіби этика пәніне кіріспе	1	2	4
Журналистік этиканың даму тарихы	1	2	4
Журналистік этика кодекстері	1	2	4
Журналистің кәсіби дербестігі мен моральдық жауапкершілігі	1	2	4
Журналист мамандығындағы этикалық дилеммалар	1	2	4
Журналист пен материал кейіпкерлері: этикалық қырынан өзара қатынас	1	2	4
Журналист пен ақпарат көздері арасындағы қатынастың этикалық принциптері	1	2	4
Қайғылы оқиғалар, қақтығыстар мен зорлық-зомбылықты жариялау – этикалық қыры	1	2	4
Медиалық мәлімдеменің этикалық шекаралары	1	2	4
Журналист пен билік құрылымдары арасындағы қатынастың этикалық принциптері	1	2	4
Медиаэтика және экономикалық қысым: жарнама, демеушілер, нативті интеграция	1	2	4
Визуалды контент этикасы: фото, видео, графика	1	2	4
Сандық орта мен әлеуметтік медианың этикасы	1	2	4
Журналистің кәсіби қызметінде жасанды интеллектіні пайдаланудың этикалық қырлары	1	2	4
Редакциялық саясат пен ішкі стандарттар	1	2	4

МОДУЛЬ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. КӘСІБИ ЭТИКА ПӘНІНЕ КІРІСПЕ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Кәсіби этика – ғылым ретінде.
2. Этика және мораль ұғымдары.
3. Журналист мамандығындағы этиканың маңызы.
4. Кәсіби этика мен этикет арасындағы айырмашылықтар.
5. Журналистің кәсіби этикасы туралы түсініктерді қалыптастыру.

Кәсіби этика философия, социология және құқық тоғысында қалыптасатын ғылым саласы болып табылады. Журналистің кәсіби этикасы — журналистердің кәсіби қызметінде мінез-құлықты реттейтін нормалар мен қағидаларды зерттейтін маңызды пән. Ол мамандарға күрделі моральдық жағдайларда бағдар ұстануға көмектеседі, қоғам алдындағы жауапкершілікті қамтамасыз етіп, БАҚ-қа деген сенімді жоғары деңгейде ұстауға ықпал етеді. Бүгінгі медиакөңістік цифрлық технологиялар, әлеуметтік желілер және жасанды интеллекттің ықпалымен жылдам өзгеруде. Бұл өзгерістер тек ақпаратты ұсыну формаларына ғана емес, журналистік жұмыстың өз мәніне де әсер етуде. Жаңа этикалық сұрақтар туындап, олар қазіргі заманға сай жауаптарды талап етеді. Ақпаратты тарату тәсілдерінің техникалық өзгерістерімен қатар, журналистің әлеуметтік рөлі де өзгерді: ол ресми мәлімдемелерді жеткізуші ретіндегі қызметтен қоғамдағы күрделі пікірталастардың медиаторы және ақпарат ағынында, оның ішінде дезинформация арасында бағыт-бағдар беретін навигатор рөліне өтті. Бұл журналистен тек жаңа құзыреттерді ғана емес, сонымен қатар моральдық жауапкершілік, рұқсат етілетін әрекет шекаралары, ақпарат көздерінің ашықтығы мен аудиторияға құрмет мәселелерін тереңірек ұғынуды талап етеді. Осы аспектілерге басымдық берген оқу-әдістемелік құрал — болашақ мамандарды кәсіби қалыптастыруда маңызды құрал бола алады.

Сонымен қатар, қоғамда медиаға деген сенімнің төмендеуі аясында мамандықтың этикалық негіздеріне қайта оралу тек академиялық міндет қана емес, журналистиканың беделін қалпына келтірудің маңызды шарты болып отыр. Жаңа оқу құралы студенттерге кәсіби негіздерді үйретіп қана қоймай, сыни ойлау қабілетін дамытуға, этикалық өзін-өзі сараптауға, қоғамдық үміттер мен құқықтық шеңберді түсінуге септігін тигізеді. Бұл әсіресе Қазақстан үшін өзекті, өйткені мұнда жаңа медиамәдениет қалыптасу үстінде, ал кәсіби этика бойынша білім беру ресурстары әлі де шектеулі.

Этика мен мораль — өзара тығыз байланысты екі ұғым. Мораль — адамның мінез-құлқын реттейтін жалпыға ортақ нормалар мен құндылықтардың

жиынтығы болса, этика — сол нормаларды ұғынып, жүйелеумен айналысатын ғылым. Мысалы, журналистік зерттеу жарияланар кезде автор моральдық дилеммаға тап болуы мүмкін: қоғамның ақпарат алу құқығы мен материал кейіпкерінің жеке өміріне деген құрмет арасында таңдау жасау. Қоғамдық мүдде мен жеке адамның құқығын тең ұстау қажеттілігі кәсіби этика аясында талданады.

Кәсіби этика қолданбалы пәндерге жатады және жалпы моральдық қағидаларды белгілі бір мамандықтың ерекшелігіне бейімдейді. Этикалық кодекстер көптеген мамандықтарда кездеседі: дәрігерлер, адвокаттар, судьялар, мұғалімдер, журналистер. Бұл кодекстердің әрқайсысы мамандықтың сипатына қарай ерекшеленеді. Мысалы, медицинада басты қағида — «зиян келтірмеу» болса, құқық саласында — клиенттің мүддесін қорғау. Журналистикада ең басты орын — ақпаратты ашық әрі әділ ұсыну.

Ашықтық бірнеше деңгейде жүзеге асады: материалдарды дайындау процесі; қаржыландыру көздері; редакция мен оқырман арасындағы байланыс. Мысалы, журналистер қолданған ақпарат көздері мен деректерді қалай өңдейтіні туралы ашықтық. БАҚ қаржыландыру көздерін ашық көрсетуі керек, бұл аудиторияға медианың артында кім тұрғанын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, БАҚ күрделі немесе даулы тақырыптарды жариялау кезінде өз ұстанымын ашық білдіруі қажет — бұл оқырманға қандай құндылықтар материалдың мазмұнына әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Ашықтық — ақпараттың сапасын бағалауға және медианың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік беретін маңызды фактор.

Журналист мамандығында этикалық нормалардың болуы не үшін қажет? Журналист өз жұмысында оқырманға, көрерменге, тыңдаушыға — жалпы адамға тікелей әсер етеді. Ол көптеген адамдар үшін ақпараттық әлемнің бейнесін қалыптастырып, олардың шынайылық туралы түсінігіне, тіпті шешімдеріне ықпал етеді. Осы тұрғыдан журналист мамандығын дәрігерлік қызметпен салыстыруға болады. Дегенмен, журналистің «ақпараттық денсаулыққа» тигізетін әсері әлдеқайда ауқымды.

Сондықтан журналистке қойылатын кәсіби мораль талаптары жоғары. Этика нормаларын сақтау — журналистік материалдардың сапасының көрсеткіші және аудиторияның БАҚ-қа деген сенімін сақтаудың негізі. Бұл — адалдық, ашықтық және жауапкершілікке негізделген кодекстер мен стандарттар арқылы жүзеге асады.

Кәсіби этиканың мәні — қоғамда жалпы қабылданған моральдық қағидаларға сай, мамандық иесінің өз міндетін мінсіз орындауын қамтамасыз ету. Оның негізінде — парыз және дұрыстық ұғымдары, яғни этикалық деонтология жатады.

Кәсіби этика көбінесе этикетпен шатастырылады, бірақ бұл екі түрлі ұғым. Этикет — мінез-құлық нормаларын реттейді, мысалы, ақпарат көздеріне сыпайы қарау немесе баспасөз жиынында дресс-код сақтау. Ал этика — оқиғаларды адал түрде баяндау және манипуляциядан бас тарту сияқты тереңірек мәселелерді қамтиды. Бұл екі ұғымның шекарасын нақты ажырату — мамандықтың мәнін түсіну үшін маңызды.

Журналистің кәсіби этикасы — заңмен бекітілмегенімен, журналистік

ортада қабылданған және кәсіби ұйымдар қолдайтын моральдық ұстанымдар, қағидалар мен ережелер жиынтығы. Олар қоғамда қабылданған жақсылық пен жамандық туралы түсініктерге сүйене отырып, кәсіби міндетті этикалық тұрғыдан ең жақсы түрде орындауға бағытталған. Журналистің кәсіби этикасына деген түсінік теориялық білім мен практикалық тәжірибенің тоғысында қалыптасады. Білім беру мекемелері базалық білім береді, бірақ этикалық нормаларды шынайы түсіну мен қабылдау тәжірибе барысында, әсіресе моральдық таңдау мен әрекет салдарын бағалауды қажет ететін жағдайларда келеді.

Журналистің миссиясы — тек ақпарат жеткізу емес, оны талдау, түсіндіру және аудиторияға түсінікті әрі қолжетімді формада ұсыну. Журналист — оқиға мен қоғам арасындағы делдал, ол қоғамда ақпараттандырылған қоғамдық пікірдің қалыптасуына және демократиялық үдерістердің дамуына ықпал етеді. Журналистің парызы мен жауапкершілігі — теңгерімді ақпарат ұсынуға ұмтылу және өз жұмыс нәтижесінің салдарын сезіну арқылы көрінеді. Бұл түсінік кәсіби этиканы жай теория емес, әрбір журналистің күнделікті қызметінде қажетті құрал етеді.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

1. Журналистика контексінде этика мен мораль арасындағы айырмашылық неде?
2. Журналистік этика кодекстерін зерттеңіз. Бұл кодекстердің негізінде қандай басты қағидаттар жатыр?
3. Журналистикадағы объективтілік — қол жеткізуге болатын идеал ма? Неліктен?
4. Журналистикада теңгерімділік пен ашықтықтың рөлі қандай?
5. Күрделі тақырыптарды жариялау кезінде журналист қандай моральдық дилеммаларға тап болуы мүмкін? Өз ұстанымыңызды көрсету үшін мысал келтіріңіз.
6. Журналист «ақиқат бәрінен жоғары» қағидасын әрдайым ұстануы керек пе? Әлде кей жағдайларда шындықты жариялау зиян келтіруі мүмкін бе?

ТАПСЫРМАЛАР МЕН КЕЙСТЕР

1. Өз көзқарасыңыз бойынша кәсіби журналист үшін ең маңызды деп санайтын он қағидаттан тұратын тізім құрастырыңыз. Оларды маңыздылығы бойынша орналастырыңыз (1 – азырақ маңызды, 10 – ең маңызды). Өр қағидатты таңдауыңызды түсіндіріп жазыңыз.

№	Принциптің сипаттамасы	Дәлелдеу
1		
2		
3		

2. **Бейнежазбаны қарап шығыңыз: онда ұйықтап отырған депутаттар көрсетілген.** Келесі сұраққа жауап беріңіз: Олар кәсіби этиканы, этикетті немесе моральды бұзды ма? Неге бұзды деп ойлайсыз? Жауабыңызды дәйектеп түсіндіріңіз.

3. Топ ішінде Қазақстан шенеуніктерінің офшорларына қатысты журналистік зерттеу бойынша кейсті талдаңыздар

Ситуация: 2021 жылы ICIJ (International Consortium of Investigative Journalists) халықаралық журналистік ұйымы әлемнің әртүрлі елдеріндегі журналистермен бірлесе отырып, «Pandora Papers» атты жаһандық зерттеуге қатысты. Бұл зерттеу барысында Қазақстанның бірқатар жоғары лауазымды шенеуніктерінің офшорлық компанияларға және шетелдегі элиталық жылжымайтын мүлікке иелік ететіні анықталды. Зерттеу офшорлық компаниялардың құпия деректерінің таралуына негізделген.

«Пандора мұрағаты» (Pandora Papers) — Халықаралық зерттеуші журналистер консорциумының (ICIJ) ауқымды зерттеу жобасы. Бұл зерттеу 2021 жылдың қазан айында жарияланып, 11,9 миллион құжаттан (2,9 терабайт көлемінде) құралған құпия ақпараттарға негізделген. Материалдарда әлемдік көшбасшылардың, саясаткерлер мен кәсіпкерлердің офшорлық мәмілелері мен жасырын активтері ашкереленеді. Зерттеу деректерінде 35 қазіргі және бұрынғы мемлекет басшылары, сондай-ақ 100-ден астам миллиардер мен 300-ге жуық мемлекеттік шенеунік (Қазақстанды қоса алғанда) аталады.

Топтық талқылауға арналған сұрақтар: «Пандора мұрағаты» секілді материалдарды дайындау кезінде туындайтын этикалық және құқықтық дилеммаларды топпен талқылаңыздар. Қоғамдық мүдде тұрғысынан бұл зерттеу маңызды (мәселен, мемлекеттік қызметкерлердің табыстарының ашықтығы туралы). Алайда, мұндай жарияланымдар жеке деректерді қорғау туралы заңдарды және кінәсіздік презумпциясын бұзуы мүмкін. Журналистер мұндай ақпаратты жариялауға құқылы ма? Қазақстан Республикасының жеке деректерді қорғау туралы заңдары бұзылды ма? Қоғамдық мүдде мен жеке өмірге қол сұғу арасындағы айырмашылық неде? Өз пікірлеріңізді нақты мысалдармен дәлелдеңіздер.



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Әбділда Ж. Журналистік этика / «Қазақстандағы тәжірибелік журналистика» кітабында – Алматы: Халықаралық журналистика орталығы MediaNet, 2017. – 178 б. – 147–153-беттер.
2. Дзялошинский, И. М. Журналисттің кәсіби этикасы: академиялық бакалавриатқа арналған оқулық және практикум / И. М. Дзялошинский. – Мәскеу: Юрайт баспасы, 2019. – 412 б.
3. Қазақстандық медиа «Пандора мұрағаты» туралы қалай жазды // Новый репортер. - URL: <https://newreporter.org/2021/10/19/kak-kazaxstanskije-media-pisali-ob-arxive-pandory-i-cto-im-za-eto-bylo/>

2. ЖУРНАЛИСТІК ЭТИКАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Журналистің кәсіби этикасының пайда болуы: алғышарттар.
2. Әлемдік журналистикада кәсіби өзін-өзі реттеудің бір бөлігі ретінде этиканың дамуы.
3. Қазақстан аумағындағы журналистік этиканың дамуы.
4. Цифрлық дәуірдегі этикалық сын-қатерлер.

Журналистік этика, кәсіби құндылықтар мен мінез-құлық нормалары жүйесі ретінде, журналистиканы кәсіби қызмет ретінде түсінудің қалыптасуымен қатар әр елде параллель дамыды. Баспа БАҚ-тың дамуы, олардың қоғамдық пікірге өсерінің күшеюі және журналистердің саяси жауапкершілігінің артуы моральдық және кәсіби шеңберлерді белгілеу қажеттілігін тудырды.

Батыс елдерінде этикалық принциптер XIX ғасырда баспасөздің қоғамдық пікірге ықпалының өсуіне жауап ретінде талқылана бастады. Бастапқыда нормалар шындыққа, дәлдікке және фактілерді пікірден ажырату мәселелеріне қатысты болды. Демократияның дамуы және азаматтық қоғам институттарының пайда болуымен этикалық стандарттар редакциялық ережелерден ұлттық кодекстерге дейін құжаттарда бекітіле бастады.

XX ғасырда этикаға деген назар күшейді. АҚШ-та, Ұлыбританияда, Францияда журналистиканың кәсіби стандарттары XX ғасырдың басында өзін-өзі реттейтін қауымдастықтар аясында қалыптасты. Бұл қауымдастықтар қоғамдық сенім мен биліктен тәуелсіздікке бағытталған өз моральдық принциптерін әзірледі. Кәсіби қауымдастықтардың пайда болуы және басылымдар арасындағы бәсекелестіктің артуы әмбебап стандарттарды жасауды ынталандырды. Негізгі этикалық бағыттар шындық, объективтілік, жеке өмірге құрмет және аудитория алдындағы жауапкершілік болды.

Этикалық бұзушылықтар бойынша шағымдарды қарау тәжірибесі және тәртіптік жауапкершілік редакциялар мен кәсіби бірлестіктердің жұмысына енгізілді. ЮНЕСКО немесе Халықаралық журналистер федерациясы сияқты халықаралық ұйымдар жауапкершілік пен сөз бостандығы идеяларын ілгерілетуде белсенді рөл атқарды. Нәтижесінде журналистік этика тек ережелер жиынтығы ғана емес, кәсіби мәдениетке айналды.

Қазақстан аумағында журналистік этиканың дамуы тарихи ерекшеліктер контекстінде өтті. Төменгі дәуір кезеңінде журналистика негізінен ұлттық-ағартушылық басылымдар арқылы ұсынылды, олар цензураға қарамастан, әлеуметтік миссия мен халық мүдделерін білдіруге ұмтылды. Алайда кәсіби этика нормалары жүйеленбеген еді.

Кеңестік кезең (1917–1991) журналистиканың ерекше моделін қалыптастырды, онда журналист «үгітші, насихаттаушы және ұйымдастырушы» ретінде қарастырылды. Этикалық нормалар Коммунистік партиядан туындайтын идеологиялық ұстанымдармен алмастырылды. Кейбір зерттеушілер 1970 жылдан 1991 жылға дейінгі аралықты этиканың қалыптасуындағы «кеңестік» кезең деп атайды. В.М. Теплюк журналистің әлеуметтік жауапкершілігі мәселесін жан-жақты қарастырып, журналистикада қабылданған ақпаратты жинау мен пайдаланудың этикалық нормаларын жүйеледі. Д.С. Аврамов журналистің кәсіби моралін әлеуметтік құбылыс ретінде жан-жақты сипаттады. Алайда бұл еңбектердің көпшілігі журналистиканы партиялық істің бір бөлігі ретінде қарастырған көзқарастың әсерін сездіреді, мұнда бастысы кәсіби емес, партиялық ұстанымдар болды.

Негізгі этикалық бағдарлар ретінде социалистік идеалдарға адалдық, партия шешімдерін қолдау, кеңестік құрылысты және оның құндылықтарын қорғау саналды. Соған қарамастан, редакция ішінде әріптестік, дәлдік, жарияланым кейіпкеріне құрмет көрсету сияқты бейресми нормалар болғанымен, олар әрдайым саяси міндеттер мен партия тәртібіне бағынды. Цензура билікке сын көзбен қарау немесе балама көзқарастарды көрсету мүмкіндігін жоққа шығарды.

Қайта құру кезеңі мен Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін медиа мен этиканың дамуының жаңа кезеңі басталды. Қазақстан өз ақпараттық саясатын және медиа инфрақұрылымын қалыптастыра бастады. Жекеменшік басылымдардың пайда болуы, жаңа форматтар, БАҚ-тың коммерциялануы және интернет-журналистиканың дамуы мінез-құлықтың өзіндік стандарттарын әзірлеуді талап етті. Кәсіби кодекстер мен журналистер бірлестіктерін құруға талпыныстар жасалды, алайда бұл процесс үзік-үзік сипатта болды. Сонымен қатар, билік тарапынан қысым мен саяси поляризация сияқты сын-қатерлер күшейе түсті.

Бүгінде қазақстандық журналистика әртүрлі этикалық қиындықтарға тап болуда: дезинформацияның күшеюі, сөз бостандығына қысым, редакциялық саясатқа экономикалық және саяси мүдделердің ықпалы. Бұл жағдайлар кәсіби рефлексияны, қоғамдық бақылауды күшейтуді және журналистік білім сапасын арттыруды талап етеді. Өзін-өзі реттеу мәдениетін ілгерілету, редакциялық саясаттың өзіндік стандарттарын әзірлеу, сондай-ақ журналистика факультеттерінің студенттеріне этика мәселелерін оқыту бойынша бастамалар маңызды мәнге ие болуда.

Медиа цифрлануы, әлеуметтік желілердің таралуы және тәуелсіз онлайн платформалардың көбеюі медиа кеңістігін едәуір өзгертті. Қазақстандық газеттердің бір бөлігі толығымен цифрлық ортаға көшті, БАҚ-тың көпшілігінің сайттары, онлайн трансляция арналары бар және олар әлеуметтік желілерде ұсынылған. Бұл өзгерістер кәсіби және кәсіби емес ақпарат көздері арасындағы шекараны бұлыңғыр етті, бұл этика үшін жаңа сын-қатерлерді туындатты. Негізгі қиындықтардың қатарында – ақпаратты тексеру, пайдаланушы контентімен жұмыс істеу этикасы, дербес деректерді қорғау, шынайылыққа зиян келтірмей жедел әрекет ету қажеттілігі бар.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

Сұрақтар

1. Батыс елдерінде журналистік этиканың алғашқы принциптерінің қалыптасуы қай ғасырда басталды?
2. Кеңестік кезеңде ресми доктрина бойынша журналистің басты рөлі қандай болды?
3. Авторитарлық жүйе жағдайында журналистикада толыққанды этика жүйесінің дамуы неге мүмкін емес?
4. Қазіргі Қазақстанда бірыңғай журналистік этика жүйесінің дамуын қандай факторлар қиындатады?
5. Цифрландыру мен әлеуметтік желілердің дамуы журналистік жауапкершілік пен этика принциптеріне қалай әсер етеді?

ТАПСЫРМАЛАР МЕН КЕЙСТЕР

- 1 Параграфтағы және қосымша материалдардағы тарихи мәліметтерді пайдалана отырып, «Кәсіби этиканың даму кезеңдері» тақырыбында таймлайн құрастыр.
- 2 Құрастырылған таймлайн негізінде топпен жұмыс істеп, белгілі бір кезеңді таңдаңдар (мысалы, XIX ғасырдағы Еуропа, XX ғасыр басындағы АҚШ, Кеңес Одағы, 1990-жылдардағы Қазақстан, қазіргі заман). Таңдалған кезеңнің сипаттамасында келесі элементтер болуы тиіс: негізгі оқиғалар; кәсіби этикалық мәселелерге көзқарас сипаттамасы; осы кезеңнің этикалық нормаларын сипаттайтын 2–3 нақты кейс. Материалдар презентация немесе визуалды карта түрінде ұсынылады. Жұмыс нәтижесі бойынша топтық жария қорғау өткізіледі.
- 3 «Казахстанская правда» газетінің 1936 жылғы нөмірінен таңдап алынған тақырыптармен танысыңдар.

Сегодня в номере:**Страница 1:** [открыть в DjVu \(629kb\)](#)...*Снаряжайте комбайны! - передовая статья.*
*Нарушение польским самолетом границы СССР - заметка.***Всенародное обсуждение проекта Конституции СССР***Наши дополнения (Исраилова и др.) - заметка.*
За славную великую родину (Нестерова) - заметка.
О виноградниках (В. Асафонов) - фото.
Мои замечания к проекту Конституции (Р. Масквев) - заметка.
*Предложение трудящихся - заметка.**Бюллетень состояния А.М. Горького - заметка.***Завтра в 9ч. 17мин. в Алма-Ата солнечное затмение***Солнечное затмение 19 июня - заметка.*
Что делается сейчас на Солнце? (Алма-атинская геофизическая лаборатория) - заметка.
В районе полной лунной тени - заметка.
Экспедиция вооружена прекрасными аппаратами - заметка.
*Карта-схема солнечного затмения на территории Казахстана***Страница 2:** [открыть в DjVu \(570kb\)](#)...**В Совнаркомоме Союза ССР и ЦК ВКП(б)***О стимулировании роста подсолнуха... - постановление.*
*О понижении процентных ставок по операциям Госбанка СССР - постановление.**В музее В.И. Ленина - фото.**Приним делегацию работников жилищной кооперации - репортаж.*
*4 издания проекта Конституции - заметка.**Шесть лет работы Сталинградского тракторного - заметка.**Открылся пленум Алма-атинского обкома ВКП(б) - заметка.**Механический подход (М.Ряднин) - заметка.**Явный перегиб (письмо коммуниста) (Мальшиев) - письмо в редакцию.**Тысяча девятьсот шестнадцатый (Т.Мусапов) - мемуары.***Страница 2:** [открыть в DjVu \(570kb\)](#)...**В Совнаркомоме Союза ССР и ЦК ВКП(б)***О стимулировании роста подсолнуха... - постановление.*
*О понижении процентных ставок по операциям Госбанка СССР - постановление.**В музее В.И. Ленина - фото.**Приним делегацию работников жилищной кооперации - репортаж.**4 издания проекта Конституции - заметка.**Шесть лет работы Сталинградского тракторного - заметка.**Открылся пленум Алма-атинского обкома ВКП(б) - заметка.**Механический подход (М.Ряднин) - заметка.**Явный перегиб (письмо коммуниста) (Мальшиев) - письмо в редакцию.**Тысяча девятьсот шестнадцатый (Т.Мусапов) - мемуары.***Страница 3:** [открыть в DjVu \(480kb\)](#)...*На сенокосах (В. Выдрин) - заметка.**Кадр из фильма "Цирк" - фото.**"Цирк" - рецензия.***Беседы с советскими избирателями***2. Советы депутатов трудящихся**Моя гордость (И. Джумагузаков) - заметка.**От Веймарской республики к кровавой фашистской диктатуре (М. Ароханов) - статья.***Страница 4:** [открыть в DjVu \(560kb\)](#)...**Отклики зарубежной печати на проект Конституции***"Юманите" дает отпор клеветническим измышлениям - заметка.**Канадская газета о Сталинской Конституции - заметка.**Замалчивают важнейшие положения проекта - заметка.**"Ньюс хроникл" о проекте Конституции - заметка.**Промышленность Казахстана за 15 июня - сводка.**Турксіб за 16 июня - заметка.*

4 Ескі газетте репортаж жарияланған, оның мәтіні төменде келтірілген. Кеңестік дәуір контексінде журналистік этиканың ерекшеліктері туралы ойланыңыз. Журналист тек «биліктің ұнжариясы» қызметін ғана атқара ала ма және ақпараттандыру мен үгіт-насихат арасындағы шекара қай жерден өтеді? Бұл материалды қазіргі этикалық стандарттар тұрғысынан қалай қарастыруға болады? Репортаждың теңгерімді болуы үшін оған не қосар едіңіз?

ТҰРҒЫН ҮЙ КООПЕРАЦИЯСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫН

жолдас В.Я. ЧУБАРЬ және жолдас Д.Е. СУЛИМОВ ҚАБЫЛДАДЫ

10 шілде күні тұрғын үй кооперациясының басшы қызметкерлері мен кәсіпорын директорларынан құралған делегацияны КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары жолдас В. Я. Чубарь және РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы жолдас Д. Е. Сулимов қабылдады.

Центрожилсоюз кеңесінің төрайымы жолдас Сазонова жолдастар Чубарь мен Сулимовты тұрғын үй кооперациясының жұмысы жайлы егжей-тегжейлі таныстырды.

Мәскеу мен Ленинградтың тұрғын үй кооперациясы одақтарының төрағалары жолдастар Токмачек, Банди және Селиванов тұрғын үй кооперациясының жұмысындағы кемшіліктер туралы баяндады.

Ленгортжилсоюздың ағаш өңдеу зауытының директоры жолдас Пустернак және «Советский писатель» РЖСКТ құрылыс басшысы жолдас Башкиров зауыт пен құрылыс алаңында стахановшылар қозғалысының табыстары туралы хабарлады.

Өз сөзінде жолдас Чубарь тұрғын үй кооперативтік құрылысын арзандату үшін барлық үстеме шығындарды азайтып, шаруашылықты ретке келтіру қажет екенін атап өтті.

Тұрғын үй кооперациясы өзінің қаржысын тікелей мақсатқа – күрделі құрылыс пен жөндеуге бағыттауы тиіс. Еңбекақының өсуіне байланысты тұрғын үй кооперациясының пәтер ақысы арқылы түсімдері артты, ал тұрғындардың қарыздарымен күрес күшейсе, жақтар өздерінің тұрғын үй шаруашылығын айтарлықтай жақсарты алады.

Жұмысшы халықтың үлкен топтары тұрғын үй кооперативтік құрылысқа 2–3 жыл бұрынғыға қарағанда көбірек қаражат салуға қабілетті. Кооперация басшылығы тұрғын үй кооперативтік құрылысқа мүше пайшылар тарапынан шынайы қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуі керек. Турасын айтқанда, тұрғын үй кооперациясында көпшілік

бақылау, пайшылар алдындағы есеп беру әлі де қадірленбейді; әйтпесе, Мәскеу жалға алу кооперациясының бірнеше рет қайта ұйымдастырылғанына қарамастан, аппаратты ұстауға орасан қаражат жұмсауын немен түсіндіруге болады?

Тұрғын үй қорын өзін-өзі ақтайтын ету үшін ең алдымен тараптардың үздік жұмыс тәжірибесін кеңінен таратып, барлық тұрғын үй кооперациясы мүшелерін тұрғын үй қорына ұқыпты және мәдениетті қарауға үйрету қажет.

Тұрғын үй кооперациясы қызметкерлері өз жұмысын кеңестерде танымал болатындай етіп ұйымдастыруы керек, олардың бастамалары еңбекші халықтың тұрмыстық жағдайын күнделікті жақсартуда көрініс табуы тиіс.

Сөзінің соңында жолдас Чубарь егер кооперация өз жұмысында елеулі жақсаруға қол жеткізсе, үкімет 1937 жылы тұрғын үй құрылысына несиелер көлемін арттыру арқылы тұрғын үй-құрылыс кооперациясына көмек көрсететінін айтты.

* Материалдар оқу мақсатында <https://oldgazette.narod.ru/index.html> ресурсынан алынды.



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Әбділда Ж. Журналистік этика / «Қазақстандағы тәжірибелік журналистика» кітабында. – Алматы: Халықаралық журналистика орталығы MediaNet, 2017. – 178 б. – 147–153-беттер. <https://www.osce.org/files/f/documents/7/d/323001.pdf>

2. Дудинова Е.И. Журналист этикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 236 б. – 23–63-беттер.

3. Қазақстандағы журналистік этиканың даму жолы: дәріс. https://farabi.university/storage/files/3702651696672474c1e6d06829153861_%D0%A3%D1%87%D0%B5%D0%B1%D0%BD%D1%8B%D0%B9%20%D0%BA%D1%83%D1%80%D1%81%20%D0%9B%D0%B5%D0%BA%D1%86%D0%B8%D1%8F%205.pdf

3. ЖУРНАЛИСТІК ЭТИКА КОДЕКСТЕРІ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Журналистік этика кодекстерінің түсінігі мен мақсаты.
2. Журналистикадағы этика кодекстерінің тарихи дамуы.
3. Журналистік кодекстердің түрлері.
4. Кодекстердің әмбебап принциптері.
5. Журналистік этика кодекстерінің заманауи сын-қатерлері.

Журналистік этика кодекстері — бұл ақпаратты жинау, өңдеу және тарату процесінде журналистердің мінез-құлқын реттеуге бағытталған кәсіби нормалар мен қағидаттардың жиынтығы. Этика кодекстері ең алдымен журналистің моральдық мінез-құлқының жалпы қағидаттарын тұжырымдайды. Бұл құжаттар қоғамның БАҚ-қа деген сенімін сақтауға көмектеседі, сондай-ақ кәсіби қызметтегі даулар мен моральдық дилеммаларды шешудің негізі ретінде қызмет етеді. Журналистің кәсіби этика кодексі — журналистиканың өзін-өзі реттеуінің маңызды құралы, журналистер ерікті түрде қабылдаған міндеттемелерді құжат түрінде бекітетін және БАҚ-тың қоғам алдындағы жауапкершілігін нақты әрі көрнекі түрде көрсететін құжат.

Әлемде журналистердің кәсіби кодекстері көптеп жасалған, тіпті бір елдің өзінде бірнешеу болуы мүмкін. Кәсіби стандарттарды бекітуге алғашқы әрекеттер XX ғасырдың басында, баспасөздің қоғамдағы рөлі күшейе бастаған кезде жасалды. Ең алғашқы әрі ықпалды құжаттардың бірі — 1926 жылы АҚШ Кәсіби журналистер қауымдастығы (SPJ — Society of Professional Journalists) қабылдаған Этикалық кодекс. Бұл құжат журналистің шындыққа адалдығын, тәуелсіздігін, зиянды азайтуды және ашықтықты сақтау міндеттемелерін ерекше атап өтті. SPJ бұл кодексті онжылдықтар бойы қайта қарап, заманауи талаптарға бейімдеді (соңғы редакциясы — 2014 жылы).

Тағы бір маңызды құжат — Халықаралық журналистер федерациясы (IFJ) 1954 жылы қабылдап, 1986 жылы жаңартқан Халықаралық журналистік этика кодексі. Бұл кодексте адам құқықтарын қорғауға, кемсітушілікпен күреске, жеке өмірге құрмет көрсетуге және факті мен пікірді ажыратудың маңыздылығына баса назар аударылады. IFJ кодексі халықаралық кәсіби қауымдастықтар үшін әмбебап стандарттардың бірі ретінде қарастырылады.

Еуропада үлкен ықпалға ие болған құжат — 1971 жылы Еуропа Кеңесінің қолдауымен қабылданған Мюнхен кодексі. Ол шыншылдық, пікір білдіру еркіндігі, жеке өмірге құрмет және ақпаратты бұрмалау арқылы пайда табуға тыйым салу сияқты он негізгі қағидатты қамтиды. Бұл құжат кейін Еуропаның бірнеше

елінде ұлттық кодекстерді жасауға негіз болды. 1978–1983 жылдары халықаралық және өңірлік журналистік ұйымдар ЮНЕСКО қабылдаған «Журналистикадағы кәсіби этиканың халықаралық қағидаттарын» айқындады. Бұл құжат кәсіби журналистік қауымдастықтардың тәуелсіз дамуы үшін халықаралық негіз ретінде пайдаланылды.

Ел мен контекстке қарамастан, көпшілік кодекстер келесі әмбебап қағидаттарды қамтиды: шындықты айту және фактілерді тексеру міндеті, ашықтыққа ұмтылу, тепе-теңдікті сақтау, жеке өмірге құрмет, кемсітушілік пен манипуляцияларға жол бермеу, мүдделер қақтығысынан бас тарту және плагиатқа тыйым салу. Бұл қағидаттар тек кәсіби мінез-құлықтың шекарасын ғана емес, сонымен қатар журналистің абыройын сақтап, қоғамдық мүддеге қызмет етуіне де көмектеседі.

Журналистік этика кодекстерінің ұлттық ерекшеліктері саяси контексті, мәдени реңктерді және медиа саласының даму деңгейін көрсетеді. Қазақстанда да түрлі редакциялық және салалық кодекстер, соның ішінде Журналистің кәсіби этика кодексі қолданыста бар. Әр елде этикалық нормалар тарихи контекстке, мәдениетке және БАҚ бостандығы деңгейіне байланысты толықтырылып отырады.

Журналистикадағы этикалық нормалардың сақталуын бақылау, әдетте, заңнамалық деңгейде емес, өзін-өзі реттеу механизмдері арқылы жүзеге асырылады. Бұл – редакциялық алқалар, этика жөніндегі қоғамдық кеңестер, сондай-ақ кәсіби бірлестіктер болуы мүмкін. Этиканы бұзғаны үшін қолданылатын санкциялар әртүрлі: көпшілік алдында айыптау мен сыннан бастап кәсіби ассоциациялар құрамынан шығаруға дейін. Этикалық нормалар азаматтар мен ұйымдар тарапынан келіп түскен шағымдарды қарастыру барысында да маңызды рөл атқарады.

Интернет пен әлеуметтік платформалардың дамуымен бірге журналистер жаңа этикалық сын-қатерлерге тап болды. Цифрлық ақпараттық кеңістік жеке және кәсіби шекараны бұлыңғыр етеді, жарияланымдардың пайда болу қарқынын жеделдетеді, аудиторияның ықпалын күшейтеді. Жаңа шындықтар кодекстерді бейімдеуді және жаңа ережелерді, мысалы, әлеуметтік желілердегі мінез-құлық, жасанды интеллектті пайдалану, цифрлық ортада ақпарат көздерін қорғау мәселелері бойынша қағидаларды әзірлеуді талап етеді.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

Сұрақтар

1. Журналистің заң алдындағы жауапкершілігі мен этикалық жауапкершілігінің айырмашылығы неде?
2. Журналистік этика кодекстерінің алғаш пайда болуына тарихи қажеттілік қандай болды?
3. Журналист этика нормаларын сақтамаған жағдайда адам құқықтарының бұзылуына алып келген мысалды келтіріңіз.
4. TikTok немесе Telegram сияқты платформалар этикалық нормаларды сақтау тұрғысынан қандай сын-қатерлер тудырады? Блоггерлер мен инфлюенсерлер журналистік кодекстерді ұстануы керек пе?
5. Журналистің әлеуметтік желілердегі жарияланымдарын оған этикалық кодекс қолдануға негіз болады деп санауға бола ма? Неге?

ТАПСЫРМАЛАР МЕН КЕЙСТЕР

1. Ашық қолжетімді журналистік этика кодекстерімен танысыңыз. Екі журналистік этика кодексін салыстырыңыз (мысалы, Қазақстан журналистерінің этика кодексі мен Халықаралық журналистер федерациясының кодексі). Талдау барысында келесі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:
 - Қай қағидалар сәйкес келеді?
 - Қай айырмашылықтар ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді?
 - Бұл кодекстерде сөз бостандығы мен жауапкершілік мәселелері қалай шешіледі?
 Толық талдау үшін нұсқаулық кестесін пайдалана аласыз.

Сұрақ	Көмек
«Қоғамдық мүдде» ұғымы қалай түсіндіріледі?	Қоғам үшін маңызды деп танылатын нәрсе мен жеке өмірге араласу болып саналатын нәрсе арасындағы түсінікте айырмашылықтар бар ма?
Анонимді ақпарат көздері мәселесі қалай шешіледі?	Кодекс ерекше жағдайларда, мысалы, сотта, ақпарат көзін жариялауға міндеттейді ме?
Әлеуметтік желілер мен онлайн кеңістікте мінез-құлық нормалары қарастырылған ба?	Сандық этика туралы ескерту бар ма және ол қалай сипатталған?

Сұрақ	Көмек
Кодекс мүдделер қақтығысына қалай қарайды?	Жеке, редакциялық және коммерциялық мүдделер қиылысқан кезде журналистке қандай ұсыныстар беріледі?
Нормаларды бұзғаны үшін санкциялар немесе жауапкершілік түрлері көрсетілген бе?	Нақты шаралар (мысалы, ішкі тексерулер, журналистер одағынан шығару және т.б.) қарастырылған ба?
Әлсіз топтарды (балалар, зорлық-зомбылық құрбандары және т.б.) қорғауға қатысты жеке ережелер бар ма?	Бұл қағидаттар қаншалықты нақты және адамгершілік тұрғысынан тұжырымдалған?
Шыншылдық пен көзқарастар теңгерімінің қағидаттары қалай тұжырымдалады?	Кодекс ақпаратты бірнеше дереккөз арқылы тексеруге міндеттейді ме?
Қай бағытқа басымдық беріледі: журналисттің құқықтарына ма, әлде оның міндеттеріне ме?	Бұл құқықтар кодексі ме, әлде ең алдымен кәсіби шектеулер жиынтығы ма?
Визуалды контентке арналған этикалық нормалар нақты көрсетілген бе?	Фотосуреттер мен бейнематериалдарға (монтаж, архивтерді пайдалану, контексті бұрмалау) қатысты бөлімдер бар ма?
Кодекстің сақталуын кім және қалай қадағалайды?	Мониторинг механизмдері көрсетілген бе немесе оқырмандардан түскен шағымдар қарастырыла ма?

2 The Guardian — Ұлыбританияның ұлттық күнделікті газеттерінің бірі. 2002 жылы The Guardian — редакциясының кодексінен интернетке жариялаған алғашқы британдық басылым болды. «Кодексте ақпараттың шынайылығы, жарияланған мақалаларға түзетулер енгізу, құпиялық және мүдделер қақтығысын шешу мәселелері қарастырылған», — деп жазады Райордэн. The Guardian тіпті өз авторларының блогтарындағы фактілерді тексереді, алайда оқиғаларға баға беруге рұқсат етеді. Кодекстің негізгі бөлімдерімен келесі сілтеме арқылы танысыңыз: <https://presscouncil.ru/novosti/novosti-kollegii/5932-the-guardian-puteshestvie-po-eticheskim-normam-redaktsionnogo-kodeksa-odnogo-iz-krupnejshikh-smi->

Ұсынылған бөлімдер негізінде гипотетикалық редакцияның қысқа (7–10 тармақтан тұратын) этикалық кодексіні құрастырыңыз.

Бірнеше топқа бөлініңіздер, әр топтың өз басылым түрі болады: жастарға арналған YouTube-арна редакциясы; республикалық қоғамдық-саяси газет редакциясы; өңірлік телеарна редакциясы; өңірдің әлеуметтік тақырыптарына маманданған онлайн-басылым редакциясы (бұрынғы газет, онлайнға өткен); әртүрлі өңірлерде жұмыс істейтін және өткір саяси тақырыптарда материалдар жасайтын YouTube-арна редакциясы; халықаралық басылымның өңірлік редакциясы; экономикалық журнал редакциясы.

Этикалық кодекс бөлімдері әмбебап сипатқа ие ме, әлде аудиторияға, тақырыптық бағытына, ақпарат жеткізу арнасына және т.б. байланысты өзгеруі мүмкін бе?

3 Юлия Мучник ұсынған этикаға қатысты 25 тапсырмамен танысыңыздар. Автор журналистің ақпарат көздерімен жұмыс істеу барысында туындауы мүмкін әртүрлі этикалық мәселелерді ұсынады. Бірнеше топқа бөлініңіздер, әр топ 2–3 тапсырмадан таңдап алып, этикалық дилеммаларды талқылаңыздар. Бұл жағдайлар этикалық кодекстердің қандай қағидаттарына қатысты?



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Қазақстан Республикасы журналисінің этика кодексі / №1 хаттама, 2012 жылғы 30 қазан. Астана қаласы, Қазақстан Республикасы. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31280393

2. Тәжікстан Республикасының журналистік этика кодексі. — URL: <https://mediacouncil.tj/ru/2021/01/03/obnovlennyj-kodeks-zhurnalistskoj-jetiki/>

3. Қырғызстан журналисінің этикалық кодексі. — URL: <https://medialaw.kg/samoregulirovaniya-smi/eticheskij-kodeks-zhurnalista-kyrgyzstana/>

4. Марат Мамадшоев: Журналистикадағы этика: журналистика бойынша бейнесабақтар. — URL: <https://school.cabar.asia/ru/video/marat-mamadshoev-jetika-v-zhurnalistike/>

4. ЖУРНАЛИСТІҢ КӘСІБИ АВТОНОМИЯСЫ МЕН МОРАЛЬДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Журналистің кәсіби автономиясының анықтамасы.
2. Кәсіби автономия — журналистің өз қызметінде сыртқы қысымсыз тәуелсіз шешім қабылдау қабілеті.
3. Ақпаратты жинау, өңдеу және жеткізу кезінде тәуелсіздіктің маңызы.
4. Автономия аудитория сенімінің және этикалық журналистиканың негізі болып табылады.
5. Моральдық нормалар мен принциптерді анықтауда қолданылатын этикалық теориялар.

Кәсіби автономия мен моральдық жауапкершілік – журналистік этиканың негізі болып табылады. **Журналистің кәсіби автономиясы деп** – оның шешімдерді тәуелсіз түрде, сыртқы немесе басқа да қысымдарға емес, этикалық қағидалар мен кәсіби стандарттарға сүйене отырып қабылдау қабілетін түсінеміз. Айта кету керек, автономия толық еркіндік дегенді білдірмейді; ол кәсіби этика мен заң аясымен шектеледі.

Журналистің кәсіби автономиясының негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясының 20-бабында бекітілген сөз бостандығы. Бұл бап пікір білдіру және ақпаратты заңды жолмен тарату құқығына кепілдік береді. Алайда іс жүзінде сөз бостандығы абсолютті емес және белгілі бір шектеулерге бағынады. Журналистер адам құқықтарын қорғауға, жала жабуға жол бермеуге және өшпенділік риторикасын таратпауға бағытталған заңнамалық нормаларды сақтауы тиіс. Өкінішке қарай, түрлі елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, журналистердің заңды қызметіне кедергі келтіру фактілері тіркеліп отырады, бұл сөз бостандығының шектелуін көрсетеді.

Журналистің моральдық жауапкершілігі қоғам, жекелеген адамдар және тұтастай алғанда кәсіби бедел үшін өз жарияланымдарының салдарын түсінуді қамтиды. Бұл журналистен тек объективтілік пен адалдықты ғана емес, сонымен қатар ақпараттың әлеуметтік маңызын бағалай алу қабілетін де талап етеді.

Этикалық теориялар моральдық нормалар мен қағидаларды анықтауға әртүрлі көзқарастар ұсынады. Бұл теорияларды қолдану журналистке өзінің кәсіби қызметіндегі моральдық аспектілерді тереңірек саралауға және жоғары кәсіби стандарттарға сәйкес шешім қабылдауға көмектеседі.

Мысалы: телеологиялық теориялар (грек тілінен telos — мақсат) әрекетті оның салдарына қарай бағалайды. Журналист, мысалы, жемқорлықты өшкерелейтін материал дайындағанда, жеке тұлғаларға зиян келуі мүмкін екенін түсінеді, бірақ егер бұл қоғамның игілігіне қызмет етсе, ақпаратты жариялайды.

Әділет этикасы теңдік, құқықтар және ресурстарды әділ бөлу принциптеріне негізделеді. Журналист оқиғаларды әділетті түрде көрсетуге тырысады, біржақтылық пен кемсітушіліктен аулақ болып, қақтығыстың барлық тарапына тең мүмкіндік береді. Сыншыл теория бойынша журналистің этикалық міндеті – манипуляция мен езгіні әшкерелеу. Сондай-ақ: деонтологиялық этика – борыш пен міндет тұрғысынан; утилитарлық этика – қоғамдық игілікке бағытталған шешімдер қабылдау; коммуникативтік этика – барлық тараптар арасында ашық және адал пікірталас жүргізуге ұмтылу; ізгілік этикасы – шешімді адалдық, батылдық, жанашырлық, әділеттілік сияқты адами қасиеттер негізінде қабылдау.

Кәсіби автономия сонымен қатар журналистің қысым жағдайында әрекет ете алуын білдіреді. Саяси ықпал немесе қаржылық тәуелділік сияқты сыртқы күштер журналистің еркіндігін шектей алады. Мысалы, баспасөз еркіндігі шектелген елдерде журналистер цензураға тап болып, билікке тиімді материалдар жариялауға мәжбүр болады. Мұндай жағдайда кәсіби автономия шектеліп, журналист кәсіби этика кодексін бұзбау мен сыртқы қысымға бағыну арасында таңдау жасауға мәжбүр болады.

Сөз бостандығы әрқашан жауапкершілікпен қатар жүреді. Журналистер өз жарияланымдарының салдарын түсінуі және ақпаратты этикалық тұрғыда көрсетуге ұмтылуы тиіс. Бұл контексте сөз бостандығы мен журналист автономиясының шекарасы кәсіби этиканың маңызды элементіне айналады, ол әрдайым назарда болып, пікір білдіру құқығы мен өзгенің құқықтарын құрметтеу арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап етеді.

Редакциялық саясат пен корпоративтік мүдделер журналистің кәсіби автономиясына елеулі әсер етеді. Қазіргі медиаплатформалардың өз ішкі стандарттары мен ақпарат ұсыну тәсілдері бар, олар кейде журналистің жеке ұстанымдарына қайшы келуі мүмкін. Бұл мүдделер қақтығысына алып келеді. Мұндай жағдайда кәсіби автономия күмән тудырады. Идеалды модель – журналистің жеке сенімдері мен аудитория алдындағы кәсіби міндеттері арасында тепе-теңдікті сақтау.

Плагиат – бүгінгі таңда редакциялық саясат пен журналистің жеке жауапкершілігінің өткір этикалық көрсеткіші. Егер редакциялық саясат дереккөзсіз материалдарды пайдалануға көз жұмса, бұл адал емес тәжірибені қолдап, басылымға деген сенімді бұзады. Алайда мұндай стандарттардың бар-жоғына қарамастан, әр журналист өзінің жұмысының адалдығы үшін жеке жауап береді: плагиат – оқырман сенімін де, автор беделін де жояды.

Кәсіби автономияға сыртқы қысымнан бөлек, өзін-өзі цензурау да әсер етеді. Журналистер қақтығыстардан немесе жұмыстан айырылып қалудан қорқып, өз-өздеріне цензура қоя алады. Алайда бұл кәсіби этиканы бұзуға әкелуі мүмкін. Профессор Джон Смиттің айтуынша, «автоцензура жеке өмірді қорғау жағдайында орынды болуы мүмкін, бірақ басқа жағдайларда ол журналистің тәуелсіздігін әлсіретеді».

Жаңа технологиялар, әсіресе жасанды интеллект (ЖИ), кәсіби автономияға елеулі әсер етеді. Қазіргі алгоритмдер мәтін жазып, үлкен көлемдегі ақпаратты өңдей алады. Бұл бір жағынан жұмысты жеңілдетсе, екінші жағынан журналистің шығармашылық еркіндігін шектейді. ЖИ қолдану – жалған ақпарат тарату мен манипуляция жасау сияқты жаңа моральдық дилеммаларды туындатады.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

Сұрақтар

1. Қоғамдық мүдде мен жеке өмірге қол сұғудың арасындағы шекара қайда өтеді? Журналистік тәжірибеден нақты мысалдар келтіріңіз.
2. Қандай жағдайларда сөз бостандығын шектеу ақталуы мүмкін және журналист пікір білдіру еркіндігі мен жарияланым салдарлары үшін жауапкершілік арасында тепе-теңдікті қалай сақтауы тиіс?
3. Журналист жеке әлеуметтік желідегі жазбалары үшін жауап беруі керек пе?
4. Журналист редакция немесе билік тарапынан қысым болған жағдайда қалай әрекет етуі тиіс?

ТАПСЫРМАЛАР МЕН КЕЙСТЕР

- 1 «В центре внимания» фильмін қараңыз. Бұл фильм нақты оқиғаларға негізделген және The Boston Globe газетінің Spotlight командасының журналистік тергеуін баяндайды, ол 2000-жылдардың басында католик священниктерінің жыныстық зорлық-зомбылықтың кең көлемді жағдайларын ашып, кейін бұл қылмыстарды шіркеудің жасырып отырғанын анықтаған.

Цитатаны оқып, The Boston Globe газетінің журналистерінің іс-әрекеттерінің мотивін анықтаңыз. Оларды не қозғайды? Қай этикалық теория кейіпкерлердің әрекеттерін түсіндіруге ең сай келеді?

«- Айтыңызшы: журналистік этика тұрғысынан бұл ақпаратты қоғамға жариялау дұрыс па?»

- Журналистік этикадан қарағанда, бұл ақпаратты қоғамнан жасыру дұрыс емес»

Қазіргі журналистік тәжірибеден қандай оқиға осы диалогты иллюстрациялай алады? Қазақстандағы кейстерді мысал ретінде келтіріңіз.

- 2 Талқылау: Тәуелсіз онлайн-басылымның жас журналисті ірі фармацевтикалық компания қызметкерімен сұхбат алды. Сұхбат барысында ол компания жаңа дәрінің жанама әсерлері туралы деректерді жасырып келгенін айтты.

Мақаланы жарияламас бұрын дереккөз журналистімен байланысып, өз пікірлерін жоюды немесе анонимдендіруді сұрады, өйткені компания басшылығы ішкі тергеу жүргізіп жатқанын білді. Ол жұмыстан босатылу мен сот ісінен қорқарды.

Редакция этикалық дилеммаға тап болды: бір жағынан, жанама әсерлер туралы ақпарат қоғамға өте маңызды, екінші жағынан, жариялау дереккөзге үлкен зиян келтіруі мүмкін.

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Редакцияның қандай шешімдері болуы мүмкін? Қайсысын таңдадыңыз?
2. Қоғамға маңызды ақпаратты жасырып алмай, дереккөзге келетін зиянды қалай азайтуға болады?
3. Журналист дереккөзге жариялаудың ықтимал салдары туралы алдын ала ескертуі керек пе?
4. Журналистер сұхбаттан кейін ақпаратты жою туралы өтініштерді әрдайым орындауы керек пе? Егер жоқ болса, қай жағдайда бұл ақталуы мүмкін?
5. Бұл жағдайда қай принцип маңыздырақ: қоғамның ақпарат алу құқығы немесе дереккөздерді қорғау міндеті?

- 3 Тапсырыс бойынша материалдар және журналист. Үш топқа бөлініңіздер. Өр топқа мына проблемалық жағдайларды талқылау ұсынылады:

- а) мемлекеттік тапсырыс аясында материал дайындау,
- б) халықаралық гранттар аясында,
- в) коммерциялық жариялау (жасырын жарнама).

Қазақстандық журналистердің нақты тәжірибесінен алынған жағдайлар болса, жақсы болады.

Өр жағдай бойынша журналист жарияламас бұрын өзіне қоюы тиіс кемінде 5 сұрақ құрастырыңыздар, топта талқылап, қоғамдық презентация жасаңыздар.

Orda.kz - Ratel кейсі

Media Құрылтай-2024 барысында Orda.kz пен Ratel Media редакциялары арасындағы материалдарды иелену және авторлық құқыққа қатысты ашық қақтығыс талқыланды. Қақтығыс туралы толығырақ. Бүгінде плагиат журналистік тәжірибедегі ең өткір этикалық мәселелердің біріне айналды. Ол тек аудиторияның сенімін ғана емес, сондай-ақ мамандықтың өз негіздерін де бұзады. Журналистика авторлық, фактілерге жауапкершілік және дереккөздердің ашықтығы қағидатына негізделеді. Басқа біреудің мәтіндерін дереккөзді көрсетпей пайдалану бұл қағидаларды бұзады

Материалмен танысыңыз, осы қақтығыс туралы басқа материалдарды табыңыз. Плагиат пен авторлық құқықты бұзуды этика және заң тұрғысынан қарастырыңыз. Топтарда келесі сұрақтарды талқылаңыз:

1. Плагиат кезіндегі негізгі этикалық бұзу неде жатыр: аудиторияны алдауда ма, біреудің еңбегін иеленуде ме, әлде мамандыққа деген сенімді бұзуда ма?
2. Плагиат тек жеке журналистің ғана емес, тұтастай басылымның беделіне қалай әсер етеді?
3. Қашан бастапқы дереккөзге гиперсілтеме жасау жеткілікті, ал қашан автордың рұқсаты қажет болады?
4. Журналистикада плагиаттан қорғау үшін авторлар қолдана алатын қандай заңды құралдар бар? Олар қаншалықты тиімді қолданылады?



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Дудинова Е.И. Журналист этикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 236 с. – С. 85-98.
2. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 592 бет. – URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

5. ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ ДИЛЕММАЛАР

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Журналистік контекстегі этикалық дилемма.
2. Дереккөзге адалдық пен аудитория алдындағы міндет ара сындағы этикалық таңдау.
3. Журналистік материал кейіпкерлерімен жұмыс істеудегі этикалық дилеммалар.
4. Материалдың «сатылымдылығын» арттыруға бағытталған аудитория, алгоритмдер және редакция қысымы.
5. Журналисттің этикалық дилеммаларды түсінуі — кәсіби жетілгендіктің бір бөлігі.

Этикалық дилемма — бұл адам қандай шешім қабылдаса да, моральдық, этикалық, адамгершілік және/немесе өзге де нормаларды бұзатын жағдай. Бұл — адамның құндылықтары мен қоғамдық нормалар қайшылыққа түсетін таңдау сәті. Журналист жұмысында этикалық дилемма екі бірдей маңызды, бірақ бір-біріне қайшы келетін нормалар мен қағидалардың арасында таңдау жасау қажеттілігі туындағанда пайда болады. Мысалы, қоғамға шындықты айту қажеттігі мен нақты бір адамға зиян келтіру қаупінің қақтығысы. Мұндай жағдайлар тек кәсіби стандарттарды білуді ғана емес, сонымен қатар моральдық жауапкершілікті терең сезінуді талап етеді.

Журналист мамандығындағы басты дилемма — бұл еркіндік пен жауапкершілік арасындағы дилемма. Журналистік этика моральдық айқынсыздық жағдайында бағдар беретін компас іспеттес. Оның қағидалары тек жеке сенімдерге ғана емес, кәсіби қауымдастықтың ортақ нормаларына сүйене отырып, күрделі жағдайларда саналы шешім қабылдауға көмектеседі. Этика дайын жауап бермейді, бірақ ол рұқсат етілген шектерді белгілейді және жарияланым салдарлары үшін жеке жауапкершілікті қалыптастырады.

Ең өткір дилеммалардың бірі — шынайы, бірақ материал кейіпкерінің беделіне, қауіпсіздігіне немесе эмоциялық жағдайына зиян келтіруі мүмкін ақпаратты жариялау қажеттілігі. Хабарламаның қоғамдық маңызын таразылау маңызды: бұл кең аудиторияның мүддесіне қызмет ете ме, әлде жеткілікті негізсіз жеке өмірге араласу ма? Мұндай жағдайда журналист кәсіби міндет пен “зиян келтірме” деген этикалық қағиданың арасында таңдау жасайды. Журналистер жиі дереккөздер құпия ақпаратпен бөлісіп, қолдау мен қорғаныс күтетін жағдайға тап болады. Алайда қоғам алдындағы міндеттер мен ақпарат алу құқығы дереккөзге адалдық қажеттілігімен қайшылыққа түсуі мүмкін. Ақпарат берушінің

сенімі мен оқырман алдындағы ашықтық тепе-теңдік пен аса мұқияттықты талап етеді.

Кейде журналист қаралып отырған мәселе бойынша жеке пікірге ие болуы мүмкін, ол редакция ұстанымымен немесе басылымның коммерциялық мүдделерімен сәйкес келмеуі ықтимал. Бұл жағдайда редакциялық саясат аясында жеке еркіндік деңгейі туралы сұрақ туындайды. Мұндай кезде журналист редакция саясатына бағына ма, әлде тәуелсіздігін сақтай ма — кәсіби салдар қаупіне қарамастан, шешім қабылдауы тиіс.

Дереккөздердің анонимдігі (немесе құпиялылығы) қағидасы — журналистік этиканың басты тіректерінің бірі. Ақпарат берушілер, әсіресе әшкерелеу жағдайында, жұмысынан, қауіпсіздігінен және беделінен айырылу қаупіне ба-рады. Журналистің міндеті — тек анонимділікті сақтау ғана емес, сонымен қатар техникалық және құқықтық қорғау шараларын қамтамасыз ету. Ақпараттың сыртқа кетуі журналистің кінәсінен де, редакция шешімімен немесе сот талабы бойынша да орын алуы мүмкін. Журналистер ақпарат көзін ашу немесе материалдан бас тарту талап ететін мемлекеттік құрылымдардың қысымына тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайда ақпарат бостандығын қорғау мен талаптарға бағыну арасынан таңдау жасау керек болады. Кейде “ынтымақтастықтан” бас тарту қылмыстық қудалауға немесе қысымға алып келуі мүмкін, алайда ымыраға келу журналист пен басылымға деген сенімді әлсіретуі мүмкін.

Журналисттің жеке байланыстарына қатысты материалдармен жұмыс істегенде ерекше сақтық қажет. Мүдделер қайшылығы ақпараттың шынайылығына әсер етіп, бейтараптыққа күмән тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайда тақырыптан бас тартқан жөн немесе жеке мүдде барын нақты көрсетіп, материалды қосымша редакторлық тексеруге ұсыну керек.

Журналистикада бейнелі құралдарды қолдануға рұқсат етілген, бірақ асыра сілтеуге немесе эмоциялық манипуляцияға жол беруге болмайды. Арнайы драматизацияланған тақырыптар, таңдап алынған цитаталар немесе монтаж оқиға мәнін бұрмалауы мүмкін. Этика дәлдікке, адалдыққа және оқырманға деген құрметке негізделеді, тіпті аудитория назарын тарту үшін бәсекелестік жағдайында да. Қазіргі медиалар әлеуметтік желілер алгоритмдері мен аудиторияның үміттерін ескеруге мәжбүр. Бұл кликбейттік, сенсациялық жарияланымдар жасауға итермелеуі мүмкін. Журналист рейтинг пен сапа арасында таңдау жасайды, себебі танымалдылық әрдайым маңыздылыққа тең емес екенін түсінуі керек.

Этикалық дилеммаларды түсіну және ұғыну — кәсіби қалыптасу процесінің ажырамас бөлігі. Қиын жағдайларда саналы түрде қабылданған шешімдер автор мен басылымға деген сенімді қалыптастырады. Этика — бұл қатаң ережелер жиынтығы емес, бұл — шындықты ар-ожданға қайшы келмей қалай жеткізу керектігін іздейтін ішкі тұрақты диалог.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

Талқылау сұрақтары

1. Журналист құқық қорғау органдары қоғамдық қауіпсіздікті сылтау етіп талап еткен жағдайда ақпарат көзі туралы мәліметті ашуы тиіс пе?
2. Парақорлық немесе өзге де құқықбұзушылықты дәлелдеу үшін жасырын түсірілім немесе алдау әдістерін қолдану қаншалықты орынды?
3. Егер журналист материал кейіпкеріне жеке жанашырлық танытса, бірақ ол күмәнді әрекеттерге қатысқан болса, не істеу керек? Материал кейіпкерге зиян тигізуі мүмкін, бірақ ол қоғам үшін маңызды ақпарат болып табылады.
4. Жасанды интеллектіні қолдануға байланысты журналист кәсібінде қандай этикалық дилеммалар пайда болды? Осы этикалық дилеммалардың тізімін құрыңыз және оларды топтарда талқылаңыз.

Голден Мтика ісі: құтқару ма, әлде түсіру ме?

2023 жылы The New York Times сайтында Оңтүстік Африканың Диепслут қаласында түсірілген бейнежазба жарияланды.

Видеода шамамен 200 адамнан тұратын тобырдың ер адамды таяқпен ұрып жатқан сәті бейнеленген. Кейін белгілі болғандай, қаза тапқан адамның есімі — Фа-рай Куд-жирикита, ол ұрлық жасады деп жалған айыпталған.

Журналист Голден Мтика оқиға орнында болып, болған жағдайды видеоға түсірген. Кадрларда камераның дірілдеп тұрғаны көрінеді: ол қорқып тұрған, бірақ араласпаған — тек полиция шақырған, алайда олар кешігіп келген.

Екі түрлі көзқарасты талқылаңыздар:

- Журналист құтқарушы болуға міндетті емес, оның міндеті — фактіні тіркеу.
- Мтика кінәлі, өйткені ол араласпады, адамды қорғамады, тек болып жатқанды бейнеледі.

Сізге қай ұстаным жақынырақ?

Екі топқа бөлініп, төмендегі тақырыптық блоктар бойынша кейс негізінде талқылау жүргізіңіздер.

1-топ

Журналист зорлық-зомбылыққа куә болғанда қандай этикалық міндеттерге ие? Ол араласуға тиіс пе, әлде басты міндеті — оқиғаны құжаттау ма? Бұл жағдайда Голден Мтиканың әрекеті ақталады ма?

2-топ

Неліктен қоғам журналисті жай куәгерге қарағанда қаталырақ бағалайды? The New York Times-та видеожазбаның жариялануы қандай пайда (немесе зиян) әкелді? Этикаға қатысты шешім қабылдауда елдің, мәдениеттің және жеке қауіпсіздіктің маңызы қаншалықты жоғары?

КИНЕМАТОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ (2 САҒАТ)

1 Журналисттің кәсіби этикалық дилеммаларын талдау қабілетін дамыту, оларды нақты кейстер мен этика нормаларымен байланыстыру, өз ұстанымын қалыптастырып, дәлелдеу үшін мына фильмдердің бірқатарын қарауды ұсынамыз, онда әртүрлі этикалық дилеммалар көтеріледі.

1.1 Рефлексивті-дайындық кезеңі. Әр фильмді қарағанға дейін типтік этикалық қақтығыстар мен фильмді талдау кезінде маңызды болуы мүмкін негізгі ұғымдарды талқылауды ұсынамыз (этикалық таңдау, мүдделер қақтығысы, дереккөзді қорғау, қоғамдық мүдде, цензура, редакцияның қысымы, кәсіби қашықтық, адалдық пен ашықтық).

1.2 Көріп-талдау кезеңі. Фильмді көріп болған соң немесе көру барысында бақылау кестесі толтырылады.

Эпизод (сахна)	Этикалық дилемма	Іс-әрекет нұсқалары	Қабылданған шешім	Салдары

1.3 Талдау сатысы. Топтық талқылау (немесе жазбаша жауап). **Жақын сұрақтар тізімі:**

- Кейіпкерлердің қайсысы кәсіби тұрғыдан дұрыс әрекет етті? Неліктен?
- Сіз басты кейіпкердің орнына болсаңыз не істер едіңіз?
- Журналистік этика нормаларының қайсысын бұзған адам болды ма? Қай нормалар?
- Кейіпкерлер өз таңдауына қандай баға төледі?
- Олардың жұмысы қоғамның игілігіне арналды ма? Неліктен/неліктен жоқ?

1.4 Салыстырмалы талдау (басқа фильммен немесе нақты кейспен, әсіресе фильм нақты оқиғаларға негізделсе). Кинематографиялық зертхананың жұмысын төменде келтірілген “Almost Famous” фильмі алгоритмі бойынша құруға болады.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ФИЛЬМДЕР

(THE POST, 2017)

ҚҰПИЯ ДОСЬЕ (THE POST, 2017)

Дилемма: Пентагонның Вьетнам соғысы туралы үкіметтің өтірігін ашатын құпия құжаттарды жариялау керек пе?

Контекст: The Washington Post журналы «Пентагон қағаздарына» қол жеткізеді.

Негізгі тақырыптар: баспасөз бостандығы мен мемлекеттік мүдде; редакцияға қысым; баспагердің рөлі.

(BOMBSHELL, 2019)

ЖАНЖАЛ (BOMBSHELL, 2019)

Дилемма: Өз жұмыс істейтін компаниядағы жыныстық қысым жағдайларын жариялау керек пе?

Контекст: Fox News журналистері компания ішіндегі үнсіздік мәдениетіне қарсы тұрады.

Негізгі тақырыптар: адалдық қақтығысы; ішкі журналистика; мансап пен беделге қауіп.

(STATE OF PLAY, 2009)

ОЙЫН ЖАҒДАЙЫ (STATE OF PLAY, 2009)

Дилемма: Бала кездегі досы — ықпалды саясаткер болған істерді тергеу керек пе?

Контекст: Журналист жеке байланыстарға қарамастан бейтараптықты сақтауға тырысады.

Негізгі тақырыптар: мүдделер қақтығысы, саясаткерлердің қысымы.

2 Almost Famous (2000) фильмін қараңыз (режиссер Кэмерон Кроу).

Фильмнің оқиғасы 1973 жылы өрбиді. Негізгі кейіпкер — 15 жастағы Уильям Миллер, ол музыкалық журналист болуды армандайды. Rolling Stone журналы оны Stillwater рок тобы туралы мақала жазуға жібереді. Уильям топпен бірге АҚШ бойынша турға шығып, олардың сахна артындағы өмірімен танысады, топ мүшелері арасындағы достық пен жанжалдарды көреді. Фильм 1970-ші жылдардағы музыкалық журналистиканың этикалық мәселелерін көтереді.

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Уильям шындық пен адалдық арасында таңдаған эпизодты таңдаңыз. Оны журналистік кәсіби стандарттар тұрғысынан талқылаңыз.
2. Сіз Rolling Stone журналының редакторы болсаңыз, Уильямның мақаласын қалай бағалайсыз? Жариялар ма едіңіз?

4 мини-топқа бөлініп, мына тақырыптық блоктар бойынша талқылаңыз:

- I. Журналист пен дереккөздері.** Уильямға объективті болу неге қиын? Оның топпен қарым-қатынасы неге кедергі? Шынайы журналист әрі кейіпкерлерінің досы болу мүмкін бе? Уильямның орнына сіз не істейтін едіңіз?
- II. Шындық пен салдарлары.** Нәліктен топ мүшелері мақала жазылған күйінде жариялануын қаламады? Журналист қарым-қатынасты сақтау үшін шындықты жұмсартуға құқылы ма? Лестер Бэнгстің «Адал бола тұра олардың досы бола алмайсың» деген сөзін қалай түсінесіз?
- III. Қысым және тәуелсіздік.** Уильям шешімдеріне кім көбірек ықпал етеді — редактор, топ немесе өзі ме? Фильмде журналистке қандай қысым көрсетілген? Журналист тәуелсіздігін қалай қорғай алады?
- IV. Этикалық және жеке өмір.** Фильм кейіпкерлерінің өміріндегі қандай сәттер жеке деп саналуы мүмкін? Осындай мәліметтер жариялануы тиіс пе? Қоғамдық мүдде мен жеке өмірге қол сұғу арасындағы шекара қайда? Журналисттің орнына сіз қалай әрекет етесіз?



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Дудинова Е.И. Этика журналиста: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 236 бет. – 85–98 беттер.
2. Kurmanova, A. A. (2022). Қазақстандық журналисттердің этикалық дилеммалары. Herald of Journalism, 64(2), 38–46. – URL: <https://doi.org/10.26577/HJ.2022.v64.i2.04>
3. Этикалық дилеммалар: Ашық университет / Медиа этика: Жас мамандар тәжірибесі. – URL: <https://openu.kz/ru/process/media-etika/guest/lesson/2420>

6. ЖУРНАЛИСТ ПЕН МАТЕРИАЛ КЕЙІПКЕРЛЕРІ: ЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТИДЕГІ ҚАТЫНАСТАР

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Қоғамдық мүдде мен жеке өмір.
2. Жеке деректер, оларды қорғаудың ерекшеліктері мен құралдары.
3. Терістеулер, көшірім сұраулар және өзін-өзі тексерулер.
4. Папарацци мамандығы. Жеке өмір құқығын бұзатын фотосуреттер.
5. Ақпараттық келісім түсінігі.
6. Балалармен, құрбандармен және жеке жағдайлармен жұмыс істеу.

Материалды дайындау барысында журналистер сұхбат алады, видео түсіреді, фото жасайды және кейіпкерлердің құқықтарын, әсіресе жеке өмірге қатысты құқықтарын бұзуы мүмкін ақпаратты пайдаланады. Қарапайым азаматтардың жеке өмірі БАҚ назарынан барынша қорғалуы тиіс. Негізгі ереже – олардың жеке өмірі туралы мәліметтер олардың келісімінсіз жарияланбауы керек. Басқа жағдай – егер ақпаратты тарату заң бұзушылықтармен, билікті асыра пайдаланумен немесе қоғамдық қауіпсіздікке әсер етумен байланысты болса, онда журналист оны жариялауға құқылы.

Мысалы, 2024 жылы журналистер қазақстандық шенеуніктердің Дубайдағы 250 миллион доллардан асатын элиталық жылжымайтын мүлікке иелік етуі туралы зерттеу жүргізді. Бұл жағдайда **қоғамдық мүдде қағидасы** қолданылды: жеке өмірге араласу ақталады, бірақ ол жоғары деңгейде негізделген және мұқият тексерілген ақпаратқа негізделуі керек. Мұндай жағдайда шенеуніктердің есімдерін жариялауға бола ма деген сұрақ туындайды.

Қоғамдық тұлғалар, саясаткерлер, медиа тұлғалар, кәсіпкерлер, шенеуніктер көпшілік алдындағы өмірді өз еркімен таңдайды және БАҚ тарапынан мұқият бақылауға дайын болуы тиіс. **Жоғары төзімділік қағидасы** журналистерге олардың жеке өміріне қатысты ақпаратты жариялауға мүмкіндік береді, егер бұл олардың қоғамдық қызметтерін орындауына немесе олардың беделіне әсер етсе.

Алайда әңгіме қарапайым азаматтардың жеке өмірі туралы болғанда, әсіресе қайғылы немесе осал жағдайларда, журналист жанашырлық пен құрмет көрсетуге міндетті. 2017 жылдан бастап Қазақстанда зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар туралы ақпаратты жариялауға тыйым салынған (**Масс-медиа туралы заң, 14-бап**). Артық мәліметтер, фотолар, оқиға орнынан түсірілген кадрлар жәбірленушілер мен олардың туыстарына қосымша ауыртпалық әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда деректерге ұмтылудан гөрі адамгершілік ұстаным маңызды, әсіресе егер жарияланған ақпараттың қоғам үшін тікелей маңызы

болмаса. Тіпті кішкентай елді мекендерде мектеп нөмірін, куәгерлердің немесе мұғалімдердің пікірін көрсету және басқа да мәліметтер зорлық құрбандарын тануға мүмкіндік береді.

Журналистик материалдардың кейіпкерлері туралы айтқанда, жеке деректер тақырыбын қозғау маңызды. Жеке деректер – бұл адамды тануға мүмкіндік беретін кез келген ақпарат. Бұл АТЖ, ЖСН, телефон, мекенжай, көлік нөмірі, IP-мекенжай, адамның бет-бейнесі және т.б. болуы мүмкін. Қазақстанда жеке деректер «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңмен қорғалған.

Жеке деректерді жинау және жариялау үшін хабардар етілген келісім қажет, алайда журналистер үшін ерекшелік бар. **Заңға сәйкес**, жеке деректерді жинау, өңдеу **журналистің** кәсіби заңды қызметін жүзеге асыру кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ҚР заңнамасының талаптарын сақтау шартымен келісімсіз жүргізіледі. Жеке деректерді жариялауға мысал ретінде ЖСН-і бар қазақстандықтардың деректер базасының таралуы, сотқа дейін күдіктінің суретін жариялау, репортаж кейіпкерінің телефонын кадрда көрсету және басқалары жатады.

Журналистикада қателіктер болуы мүмкін, бірақ кәсіби этика жедел және ашық әрекет етуді талап етеді. Егер жалған ақпарат жарияланса, дер кезінде терістеу жариялау, жәбірленушілерден көшірім сұрау және ішкі тексеру жүргізу қажет. Ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделді қорғау істері бойынша талап қою мерзімі бір жылды құрайды.

Әсіресе этикалық даулар папарацци мамандығы төңірегінде туындайды: сенсациялық кадрға ұмтылу жиі жеке шекараны өрескел бұзуға әкеледі. Жекеше жағдайда келісімсіз түсірілген фотолар көп жағдайда қоғам мүддесімен ақталмайды. Қудалау, ұзын фокусты техниканы пайдалану, қайғы сәтінде түсіру – мұның бәрі бейэтикалық әрекеттерге жатады.

Журналист жеке ақпарат пен адамның бейнесін жариялау үшін ерікті және хабардар келісім алуға міндетті. Бұл жеке, сезімтал немесе стигматизацияға ұшырататын тақырыптарды жариялау кезінде өте маңызды. Келісім ауызша, жазбаша немесе электронды түрде (мысалы, растау видеосы) алынуы тиіс және жарияланудан бұрын болуы керек. Кейіпкер ақпараттың қайда және қандай контексте қолданылатынын түсінуі тиіс.

Осал топтармен – балалармен, науқастармен, зорлық құрбандарымен жұмыс істеу кезінде келісім заңды өкілден де алынуы керек және аса сақтықпен жасалуы тиіс. Тіпті адам сұхбат беруге келіссе де, жарияланымның ұзақ мерзімді салдарын ескеру маңызды. Кәмелетке толмағандар немесе зорлық-зомбылық құрбандары туралы тануға болатын ақпаратты шұғыл қажеттілік болмаса жариялауға болмайды, сондай-ақ қайғы, емделу немесе үй жағдайын көрнекілік үшін жариялау этикаға қайшы.

Кері байланысты қамтамасыз ету маңызды: пікір білдіру мүмкіндігі, терістеу құқығы, фактілерді нақтылау. Кейіпкерді қоғам реакциясы немесе әлеуметтік желілердегі хейт туралы алдын ала ескерту – этикалық әрекет. Дұрыс шешім ретінде кейіпкердің негізделген өтініші бойынша анонимизациялау, түзету немесе материалды жою қарастырылады. Жарияланғаннан кейін кейіпкермен жұмыс та кәсіби этиканың бір бөлігіне айналады.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (4 САҒАТ)

1. Жеке деректерді жариялау қоғамдық мүдде үшін қашан ақталуы мүмкін?
2. Егер жариялаудан кейін кейіпкерге қысым көрсетілсе, журналистің жауапкершілігі қандай?
3. Топта талқылаңыздар: ақпараттық таралып кетуі, жариялау және басқа біреудің деректерін қайта бөлісу (репост) арасындағы айырмашылық неде?
- 4.

Жеке өмір мен қоғамдық жауапкершілік арасындағы шекара қай жерде өтеді, әсіресе мемлекеттік қызметкерлер мен саясаткерлер үшін? Қазақстандағы нақты кейстерді мысал ретінде келтіріңіз.

СИТУАЦИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМ (2 САҒАТ)

Кейс 1. Қуаныш Бишімбаев ісін қамту

Бұрынғы министр Қуаныш Бишімбаев ісін қарау барысында кейбір БАҚ пен блогерлер кінәсіздік презумпциясы принципін бұзатын материалдар жариялады.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Сол кезеңдегі жарияланымдарды талдаңыз.
2. Журналистердің қоғамның ақпарат алу құқығы мен айыпталушының құқықтары арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауы керек екенін бағалаңыз.
3. Кінәсіздік презумпциясы принципін бұзатын сөйлемдерді жарияланған материалдар, видео сюжеттер сілтемелерімен бірге жазып шығыңыз.
4. Заң бұзуды болдырмау үшін қандай формулировкаларды қолдану қажет еді?
5. Сөйлемдерді редакторлық тұрғыдан өңдеңіз.

Кейс 2. Кейіпкерлердің жеке басын ашу



Сурет – «Хабар» телеарнасындағы «Бірақ...» ток-шоуының шығарылымынан скриншот.

2024 жылғы 11 наурызда «Хабар» телеарнасындағы «Бірақ...» ток-шоуының тікелей эфиріне маскүнем күйеуінен 20 жылға жуық уақыт бойы зорлық-зомбылық көрген, алты баланың анасын қонаққа шақырды. Әйел одан қашу үшін Шымкенттен елордаға көшіп кеткен. Әйелге бағдарламаға келу шарты ретінде оның бет-бейнесі көрсетілмейтіні және күйеуі студияға шақырылмайтыны айтылған.

Алайда эфир барысында күйеуі гүл шоғымен студияға шықты, ал жүргізушілер әйелді діни құндылықтарға сілтеме жасап татулауға үгіттеді. Әйел маскасын шешуге мәжбүр болды. Түсірілімнен кейін жүргізуші олардың «отбасыны татуластырып, ажырасуға жол бермеуі» керектігін айтты, ал редактор әкеге балаларымен кездесуге мүмкіндік беру үшін адвокат жалдау жоспарын бөлісті.

Кейін бұл шоу жабылды.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Редакцияның әрекеттерін кәсіби этика және заңнама тұрғысынан бағалаңыз.
2. Жобаны ұйымдастырушылар мен журналистер жіберген, өз ойыңызша, бұзушылықтарды тізіп шығыңыз.
3. Мұндай жағдайларда қалай әрекет ету қажет?
4. Ток-шоудың жабылуын қалай бағалайсыз?

Кейс 3. Қазақстандағы интернаттар мен арнайы мектептердегі зорлық-зомбылық туралы жарияланымдар

2023–2024 жылдары қазақстандық БАҚ-та («КТК», «31 арна», Orda.kz және т.б.) интернаттар мен арнайы мектептерде, оның ішінде кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған зорлық-зомбылық туралы материалдар жарияланды. Кейбір жарияланымдарда балалардың кадрлары қолданылып, олардың жеке басы ішінара ашылып, оқиға туралы ашық мәліметтер таратылды. Бұл уәкілетті органдар мен құқық қорғаушылар тарапынан реакция тудырып, мұндай жарияланымдардың қаншалықты орынды екендігі жөнінде мәселе көтерілді.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Осы тақырып бойынша жарияланған материалдарды жинап, танысып шығыңыздар.
2. Қоғамдық мүдде мен жәбірленушілердің жеке өмірін қорғау құқығының шекарасы қайда өтеді? Журналистер мұндай тақырыптарды жариялауға тиіс пе?
3. Журналист өзінің жарияланымы жәбірленушіге қосымша психологиялық зардап әкелмейтініне қалай көз жеткізе алады? Мұндай жағдайда баламен сұхбат алуға кім рұқсат беруі керек?
4. Эфирде зорлық-зомбылықтың егжей-тегжейін тарату қоғам назарын аударту үшін қажет пе, әлде бұл азапты пайдалану ма?
5. Бұл мәселені этикалық тұрғыдан көбірек ескере отырып, бірақ қоғамдық резонанс деңгейін түсірмей, қандай балама әдістер арқылы көрсетуге болар еді?

Кейс 4. Қазақстандық шенеуніктердің шетелдегі жылжымайтын мүліктері туралы деректердің жариялануы

БАҚ Қазақстандық шенеуніктердің шетелдегі жылжымайтын мүліктері туралы ақпаратты жариялады. Үйлер, пәтерлер мен виллалар туралы мәліметтер, олардың шенеуніктер мен олардың отбасы мүшелерінің атына тіркелгені көрсетілді. Тілші қазіргі және бұрынғы жоғары лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ олардың туыстарының вилласы мен апартаменттері туралы деректерді зерттеп, сән-салтанаты жоғары үйлерді өз көзімен көрді. Кейбір материалдарда нақты мекенжайлар, жылжымайтын мүліктің құны, суреттері мен шетелдегі жылжымайтын мүлік реестрлерінен алынған деректер көрсетілген.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

Топтарға бөлініп, осы материалға арналған екі түрлі тақырып пен кіріспе мәтін дайындаңыздар:

Вариант А - барынша сенсациялық.

Вариант Б - барынша этикалық, бірақ ақпараттық.

Әр нұсқада тонның қалай өзгеретінін және әрқайсысының қандай тәуекелдерге алып келетінін талдаңыздар.

Бұл материалдардың қоғамдық мүдде қағидаттарына және жеке өмірге құқығына қаншалықты сәйкес келетінін талқылаңыз.

1. Бұл материалдар қоғамдық мүдде қағидаттары мен жеке өмірге қол сұқпау құқығына қаншалықты сәйкес келеді?
2. Жылжымайтын мүлік туралы мәліметтерді дербес ақпарат ұғымына жатқызуға бола ма?
3. Белгілі бір ақпаратқа қоғамдық мүдде бар-жоғын қалай анықтауға болады?
4. Нақты мекенжайды, пәтер нөмірін, карта координаттарын көрсету қаншалықты этикалық? Егер этикалық түзетулер енгізу қажет болса, олар қандай жағдайда жүзеге асырылуы керек?
5. Мұндай зерттеулерде не маңыздырақ: көрнекі иллюстрация ма, әлде ресми құжатпен расталған дерек пе?

КИНЕМАТОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА (2 САҒАТ)

1 «Папарацци» (Paparazzi, 2004) фильмін қараңыз. <http://baskino.me/films/boeviki/3011-paparazzi.html>

Фильм Голливудтың жаңа жұлдызы Бо Ларабидің айналасындағы оқиғалар туралы баяндайды, ол сенсация қуалаған, қатігез папарацци құрбанына айналады. Олар тек оның жеке өміріне қол сұғып қоймай, оның отбасын зардап шеккен жол апатына себеп болады.

Топтарда талқылап, келесі сұрақтарға жауап дайындаңыздар:

1-топ. Бо Лараби көпшілік алдында жүрген тұлға ма? Адам қай сәтте толық құпиялық құқығынан айырылады? «Қоғам білуі тиіс» деген уәжбен жеке өмірге араласуды ақтауға бола ма? Қудалау, жасырын түсіру немесе арандату көріністерінде фотографтар этикалық нормаларды бұза ма? Журналистер өз жұмыстарының салдары үшін (мысалы, жол апаты) жауап беруі тиіс пе?

2-топ. Журналистік зерттеу мен қудалаудың арасы қайда? Жеке немесе интимдік фотосуреттерді жариялау адам мен оның отбасына қандай зиян келтіруі мүмкін? Танымал адамдар «осындай өмірді өздері таңдады» деп, БАҚ-тың назарын қабылдауға міндетті ме? Қоғам қайраткерлерінің құқықтарын бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын бұзбай қалай қорғауға болады?

2 «Диана: Ханшайымның соңғы күндері» (Diana: Last Days of a Princess, 2007) фильмін қараңыз. https://www.kinopoisk.ru/film/391745/?utm_referrer=www.kinopoisk.ru

Фильм — ханшайым Дианының өмірінің соңғы айының оқиғаларына арналған деректі реконструкция. Парижге Доди әл-Файедпен бірге барған сапары мен 1997 жылғы 31 тамыздағы қайғылы апат көрініс табады. Фильм папараццидің рөліне және таблоид баспасөзінің қысымына ерекше назар аударады.

Топтарда талқылап, келесі сұрақтарға жауап дайындаңыздар:

1-топ. Қоғамдық қызығушылық қай жерде аяқталып, жеке өмірге қол сұғу басталады? Дианы суретке түсіру үшін қудалауға папарацци құқылы болды ма? Журналистер кейіпкерлердің психологиялық жағдайын ескеруі тиіс пе? Дианының өліміне папарацци қаншалықты жауапты? Редакция штаттан тыс фотографтардың әрекеті үшін жауап беруі тиіс пе?

2-топ. Жол апаты құрбанының, әсіресе ол танымал адам болса, фотосуреттерін жариялау этикалық па? Мұндай суреттерді жариялаудың моральдық салдары қандай? Танымал адамдар қандай дәрежеде жеке өмірге құқығынан айырылады? Олар «бұл — олардың мәртебесінің бір бөлігі» деп, араласуға төзуге тиіс пе? Екі фильм кейіпкерлерін салыстырыңыз, екеуі де танымал, жеке өмірге құқығы тұрғысынан оларды салыстыруға бола ма?

3 «Назарда» (Spotlight, 2015) фильмін еске түсіріңіздер. Топтарда талқылап, келесі сұрақтарға жауап дайындаңыздар:

1-топ. Қоғам үшін үлкен қауіп төнген жағдайда сезімтал ақпаратты жариялауды ақтауға бола ма? Шіркеу мен сот жүйесі сияқты ықпалды институттардың қысымына қарамастан зерттеуді жалғастыру қаншалықты маңызды? Spotlight командасының журналистері қандай ішкі этикалық дилеммаларға тап болды? Неліктен журналистер бірлі-жарым жағдайлар емес, «жүйелі» дәлелдер жиналғанға дейін материалды жариялаудан бас тартты?

2-топ. Жәбірленушілерден сұхбат алу кезінде журналистер қандай сақтық шараларын қолдануы тиіс? Ақпарат тарату мен зорлық-зомбылық құрбандарына қосымша психологиялық зақым келтірмеу-

дің арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтау керек? Неліктен кейбір жәбірленушілер анонимді болып қалуды жөн көрді? Журналист осал топтарға жататын кейіпкерлермен жұмыс істегенде деректердің қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ете алады? Бұл фильмнен қандай сабақтар алуға болады және оларды Қазақстандағы медиасалада қалай қолдануға болады? Біз сабақтарда қарастырған қандай қазақстандық кейстермен ұқсастық табуға болады?



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Дудинова Е.И. Журналист этикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 236 б. – Б. 138–154.

2. Лекция 14. Құпиялылық және қоғамның білуге құқығы / Медиаэтика. – URL: <https://openu.kz/ru/process/media-etika/guest/lesson/2414>

3. БАҚ-та балалар мәселесін қауіпсіз жариялау: тәжірибелік нұсқаулық. – Астана, 2023. – 16 б. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2023/5/15/d062766d23f8f7a52d3933b6db305d7a_original.4012764.pdf

4. Бишімбаев ісі. Күдікті кісі өлтірушіні қорғауға тырысқан журналистер мен блогерлерге не болады? – URL: <https://lmc.kz/ru/news/delo-bishimbaeva-chto-budet-s-zhurnalistami-i-blogerami-pytayushchimisya-zashchitit>

7. ЖУРНАЛИСТ ПЕН АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Журналист пен ақпарат көздері арасындағы өзара әрекеттесу. Ақпарат көздерімен қарым-қатынаста ашықтық пен адалдық.
2. Ақпарат көзіне ықтимал салдарлар туралы хабарлау. Еркін келісім мен қысымнан бас тарту.
3. Ақпарат көздерінің анонимдігі мен қорғалуы. Осал ақпарат көздерімен жұмыс істеу.
4. Ақпарат көзінен алынған ақпараттың шынайылығын тексеру.
5. Ақпарат көзіне төнетін ықтимал қауіп-қатер үшін жауапкершілік.

Журналистер кәсіби қызметінде өздеріне фактілерді, куәліктерді және құпияларды жеткізетін адамдарға сүйенеді. Репортёрлер шебер баяндаушылар болуы мүмкін, бірақ аудитория үшін ең маңыздысы – олардың жасап жатқан әңгімелерінің шынайылығы. Ал шынайылық ақпарат көздерінің сапасына байланысты.

Журналистер мен ақпарат көздері арасындағы қарым-қатынас мүмкіндігінше ашық болуы керек. Ерекше жағдайларды қоспағанда, ақпарат көзімен сөйлескенде айла-шарғы қолдануға болмайды. Ақпарат көздері өздерінің жеке тарихы бар адамдар, сарапшылар, инсайдерлер болуы мүмкін. Олар куәлік бере алады, жазбаша есептер, құпия құжаттар, фотосуреттер немесе жазбалар ұсына алады – бұлардың барлығы, мысалы, сыбайлас жемқорлықты немесе заңсыз әрекеттерді әшкерелеу үшін маңызды болуы мүмкін.

Журналист ақпарат көздерімен қарым-қатынасты ашықтық пен кәсіби адалдық негізінде құрады. Өзін кім екенін және қандай мақсатпен жүгініп отырғанын жасыруға болмайды, тек аса сирек жағдайларда – егер кәсібін жасырғаны қоғамдық мүддемен ақталып, заң бұзылмаса (мысалы, жасырын журналистік зерттеу жүргізу кезінде). Ақпарат көзі өзі берген мәліметтердің материалда пайдаланылуы мүмкін екенін, және мүмкіндігінше қандай контексте пайдаланылатынын түсінуі тиіс. Журналист адамды ақпарат көзі ретінде бағалағанда оның осалдығын ескеруге міндетті. Сондай-ақ ол адамға материалдың қандай салдары болуы мүмкін екенін және не себепті бұл оқиға жайлы жазылып жатқанын түсіндіруі керек.

Бүгінгі әлеуметтік желілер дәуірінде де адамдарға журналистің өзіне хабарласқаны ұнамды көрінуі мүмкін, бірақ олар бұқара назарына түскен кезде өздері мен айналасындағылар үшін қандай қауіптер туындайтынын толық ұғына

бермейді. Бұл әсіресе зорлық-зомбылық құрбандарына, қайғылы оқиғалардың куәгерлеріне, жасөспірімдерге, гуманитарлық апаттарға, соғысқа немесе басқа да жарақат тудыратын оқиғаларға тап болған адамдарға, құпия ақпарат жеткізетін қызметкерлерге қатысты өте өзекті.

Ақпарат алуға бағытталған кез келген журналистік әрекет ақпарат көзі тарапынан ерікті түрде жүзеге асырылуы тиіс: психологиялық қысым көрсетуге, манипуляция жасауға, пайда уәде етуге немесе қорқытуға жол берілмейді. Сонымен қатар, журналист ақпарат көзі үшін жарияланымның ықтимал салдарына – жеке ақпараттың таралуы, жұмыстан шығу қаупі, үшінші тараптар тарапынан қысым немесе қауіп төнуі секілді жағдайларға жауапты. Мұндай қауіптер бар болған жағдайда кәсіби этика ақпарат көзі аты-жөнін жария етуге дайын болса да, оның анонимдігін сақтауды талап етеді. Журналистің этикалық міндеті – тіпті ақпарат көзі сенім ұялатса да, алынған фактілерді қайта тексеру.

Кейде журналист материалына енген ақпарат көздері анонимді болуы мүмкін. Алайда көптеген редакцияларда ақпарат көздерін жария етуді міндеттейтін ереже бар, ерекше жағдайларды қоспағанда. Мысалы, The Washington Post кем дегенде ақпарат көзіне қатысты мекеме атауы, лауазымы сияқты жалпы сипаттама беруді және бұл мәліметті материалға қосуды ұсынады. Бұл ретте бүркеншік есім қолдануға жол берілмейді. Кәсіби журналистер қоғамы (Society of Professional Journalists) да кейде маңызды әлеуметтік тақырыпты ашудың жалғыз жолы – анонимді ақпарат көзі болуы мүмкін екенін мойындайды, бірақ ақпарат көзінің бұл мәліметті не себепті ұсынатынын түсінудің маңыздылығын ескертеді.

Анонимді ақпарат көзі – журналист үшін аноним болмауы керек. Автор ақпаратты нақты адамнан алып отырғанына көз жеткізуі, жеке басын тексеру немесе кездесуге шақыруы қажет. Ашықтық мүддесі үшін журналист өз материалында аноним ақпарат көзіне неге сенуге болатынын, егер жеке басы әшкере болса, оны қандай қауіптер күтіп тұрғанын түсіндіруі керек. Журналистердің кәсіби байлығы – сенім. Егер журналист «слив» алса немесе тексерілмеген ақпарат тапса, бұл материал зерттеуді бастауға, алғашқы ілмек ретінде қызмет етуі мүмкін. Алайда журналист анонимді ақпарат көзіне ғана сүйене алмайды және оны сенімді, танымал тұлға ретінде көрсете алмайды.

Ақпарат көздеріне ақша төлеу көбіне журналистік стандарттарды бұзу болып саналады, себебі бұл сенімділікке нұқсан келтіріп, мүдделер қақтығысын тудырып, марапат үшін жалған мәлімет беруге итермелеуі мүмкін. Ерекше жағдай ретінде – сапар, тұру немесе техникалық шығындарды өтеу – редакциямен келісіп жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ бұл ақпарат үшін төлем ретінде қабылданбауы керек.

Өзін сарапшы ретінде көрсететін, бірақ шын мәнінде жалған немесе манипулятивті ақпарат тарататын «жалған сарапшылармен» жұмыс істегенде аса сақ болу қажет. Сарапшы мен псевдосарапшыны ажырату – кәсіби этиканың маңызды бөлігі. Интернеттен алынған мәліметтермен – форумдар, әлеуметтік желілер, аноним арналармен – жұмыс істеуде де сақ болу керек. Мұндай ақпарат көздері қосымша тексеруді қажет етеді, әсіресе егер мәселе сенсациялық немесе айыптау сипатындағы деректерге қатысты болса. Этикалық тұрғыдан

алғанда, интернеттен алынған ақпарат автоматты түрде шынайы деп есептелмейді, және журналист «интернетте жазылған» деген сылтаумен оны тексеру жауапкершілігінен босатылмайды.

АҚПАРАТ КӨЗДЕРІН ҚОРҒАУ БОЙЫНША 12 ҚАҒИДА (BLUEPRINT ҚҰЖАТЫ НЕГІЗІНДЕ):

1. Ақпарат көздерін қорғаңыз. Қажет болған жағдайда олардың анонимдігін сақтаңыз.
2. Алғашқы байланыс орнату үшін қауіпсіз жолдарды ұсыныңыз, мүмкіндігіне қарай.
3. Ақпарат көзі үшін мұндай әрекеттің қандай тәуекел әкелетінін түсініңіз және оларды жарияланымнан кейінгі әрекеттерді алдын ала ойластыруға шақырыңыз.
4. Ақпаратты шынайылығына және қоғамдық маңыздылығына қарай тексеріңіз, өз пікіріңізге немесе ақпарат көзі/информатордың пікіріне сүйенбей.
5. Цифрлық қауіпсіздігіңізге мән беріңіз, шифрлау құралдарын қолданыңыз.
6. Сіз бен ақпарат көзі үшін ең үлкен қауіп-қатерлерді анықтаңыз және қорғау үшін нақты қадамдарды белгілеңіз.
7. Ақпарат көзіне цифрлық қауіпсіздіктің негіздерін түсіндіріңіз және оның оқиғасы қандай қауіп тудыруы мүмкін екенін ескертіңіз.
8. Мүмкіндік болғанда және қауіпсіз жағдайда түпнұсқа құжаттар мен деректерді толық жариялаңыз.
9. Этикалық, құқықтық немесе еңбекке қатысты себептермен ақпарат көзі берген деректерді жою қажет болған жағдайда, оларды жойыңыз.
10. Бұлтты сақтау жүйелері мен деректерді жеткізу алаңдарының жақсы қорғалғанына көз жеткізіңіз.
11. Ақпарат таралатын елдің немесе өңірдің заңнамалық талаптарымен танысыңыз.
12. Редакциялар журналистер мен ақпарат көздерінің деректерін қорғау міндетін нақты орындауын қадағалаңыз және арнайы оқыту шараларын ұйымдастыруды қолдаңыз.

Қазіргі заманғы жағдайларда, әсіресе төтенше жағдай кезінде, басты қауіп – қауесет пен жалған ақпараттың тез таралып, шиеленісті күшейтуі. Сондықтан репортёр әлеуметтік желілермен жұмыс істегенде цифрлық дереккөздерден алынған ақпаратты мұқият тексеруі тиіс. Ол үшін ақпарат көзі ретінде пайдаланылған аккаунттарды тексеру қажет (аккаунт иесі кім, ол бұл ақпаратты қайдан алды), ақпараттың шыққан жерін верификациялау, басқа ресурстарға сілтемелерді тексеру, материалды (фото, видео) қолдануға рұқсат алу, деректердің бұрмалануын тексеру (фотошоппен өңделуі, монтаж, мәтіннің мәнін бұрмалау және т.б.).



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (4 САҒАТ)

1. Ақпарат көзі толық аноним болуды талап етсе, ол ұсынған ақпаратты қолдануға бола ма? Қандай жағдайда қоғамдық мүдде анонимділік құқығынан басым түседі?
2. Әлеуметтік желілерден табылған ақпаратты көздің растауы мен келісімінсіз қолдану этикалық және құқықтық тұрғыдан қаншалықты орынды?
3. Ақпарат көзінің өз мүддесін көздеуі жағдайында, журналист пен ақпарат көзі арасындағы ынтымақтастық пен манипуляция шекарасы қай жерде өтеді?
4. Ақпарат көзі құқық бұзушы болып шықса, журналист ол адаммен ынтымақтастықты жалғастыруы керек пе, әлде ол туралы құқық қорғау органдарына хабар беруі тиіс пе?
5. Қандай жағдайда журналист ақпарат көзін сот жауапкершілігіне тарту қаупі болса да қорғауға міндетті? (Мысалы, сотта ақпарат көзін жариялаудан бас тарту жағдайы).

СИТУАЦИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМ

Кейс 1. Эдвард Сноуден және The Guardian (Ұлыбритания, 2013 жыл)

2013 жылы АҚШ Ұлттық қауіпсіздік агенттігінің бұрынғы қызметкері Эдвард Сноуден The Guardian және The Washington Post газетіне азаматтарды, соның ішінде АҚШ одақтастарын бақылау бойынша ауқымды бағдарламаны көрсететін құжаттарды тапсырды. Журналист Гленн Гринвальд бұл материалдарды жариялап, халықаралық скандал туғызды, құпиялылық шекарасы, мемлекеттің құқықтары және сөз еркіндігі мәселелерін көтерді. Редакция дереккөзді қорғау шараларын қабылдап, оның анонимдігін сақтап, материалдарды басқа БАҚ-пен (The Washington Post, Der Spiegel) бірлесіп жариялады. Бұл іс журналистік этика тұрғысынан ең көп талқыланған

жағдайлардың бірі болып саналады: журналистер қоғамдық мүддені қорғады, бірақ құпия ақпаратты жариялағаны үшін сынға ұшырады. Сонымен қатар, олар сезімтал дереккөзбен жауапты жұмыс істеудің үлгісін көрсетті.

Материалдармен танысып, топта талқылаңыздар:

1-топ: Сноуден – заңсыздықты ашқан қаһарман ба, әлде мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірген заң бұзушы ма? The Guardian журналистері құпия құжаттарды жариялап, қоғамдық мүдде үшін дұрыс әрекет етті ме? Қоғамның ақпарат алу құқығы мен мемлекеттік құпия арасындағы шекара қайда? Мемлекеттік мүдде ақпаратты жасыруды ақтай ала ма? Мемлекет қандай ақпарат түрін құпия ұстай алады?

2-топ: Бұл жарияланымның ықтимал оң және теріс салдары қандай? Журналистер бұл үшін жауапты ма? Басқа мүмкін шешімдер: жарияламау, ішінара жариялау, билікке беру т.б. Қай нұсқа этикалық тұрғыдан дұрыс болар еді? Қазақстанда осындай жағдай болғанда журналист пен дереккөз қандай қауіптерге ұшырауы мүмкін?

Кейс 2. Factcheck.kg сайтының Садыр Жапаров штабы туралы тергеуі

Factcheck.kg журналистері президенттік науқан кезінде Садыр Жапаров штабы ретінде қолданылған ғимараттың ирандық инвесторлардың қаражатымен және алаяқтықпен салынғаны туралы материал жариялады. Жапаровдың досы Адыл Жүнісұлы инвесторларды 800 мың доллар көлемінде алдағаны айтылады. Тергеуде аноним және инсайдер дереккөздері қолданылды.

Қырғызстан президентінің баспасөз қызметінің өкілі Галина Байтерек ақпаратты жалған деп жоққа шығарды және БАҚ-қа қарсы шаралар қабылдауға ниет білдірді.

3 мини-топқа бөлініп, келесі тақырыптық блоктарды талқылаңыздар.

1-блок. Дереккөздермен жұмыс. Саяси сезімтал тақырыптарда аноним инсайдерлерді пайдалану қаншалықты justified? Қай дереккөздерді аноним қалдыруға болады, қайсысын ашу керек? Бұл кейсте журналистердің қандай дереккөздері болды — конфиденциалды ма әлде анонимді ме? Аты-жөнін ашуға дайын емес дереккөздің сенімділігін қалай бағалауға болады? Журналисттер аноним және конфиденциалды дереккөздермен жұмыс істегенде қандай этикалық принциптерді ұстануы тиіс?

2-блок. Жарияланған кейіпкерлердің құқықтары. Журналистер жариялаған ақпарат Садыр Жапаровтың жеке өмірінің бөлшегі деп

есептеуге бола ма? Қоғамның ақпарат алу құқығы мен адамның бөделін қорғау құқығы арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтау керек? Бір тараптың пікірі жеткілікті ме, әлде барлық мүше тараптарға сөз берілуі тиіс пе? Бұл материалдағы кейіпкерлерге қатысты қандай этикалық мәселелер бар?

3-блок. Редакцияның реакциясы. Factcheck.kg редакциясы резонансты материалдан кейінгі теріске шығаруларға қалай әрекет етуі керек? Редакция ресми жауап жариялауы қажет пе? Қырғызстан баспасөз қызметінің теріске шығаруларына редакция қандай шара қолдануы тиіс? Осындай жағдай бола қалған жағдайда редакцияға қандай ұсыныстар берер едіңіз?

Кейс 3. Эйдан Уайттың дереккөздермен жұмысы

Эйдан Уайт – The Guardian газетінің бұрынғы журналисі, 23 жыл бойы Халықаралық журналистер федерациясын басқарған және Этикалық журналистика желісінің негізін қалаушы. Ол ақпарат көздерімен жұмыс істеу тәжірибесінен бір оқиғасымен бөлісті.

«Журналистер қауіпті, эксклюзивті ақпарат алған сайын, о«-Журналистер эксклюзивті әрі қауіпті ақпарат алған сайын, оларда ақпарат көзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде моральдық міндет бар. Біреулер жұмысынан айырылуы немесе тіпті өмірінен айырылуы мүмкін, сондықтан біз құпиялылықты сақтауымыз керек...»

Мен алғаш рет ақпарат көздерін қорғау туралы заңмен 1970 жылдары, Ұлыбританияның орталығындағы шағын қаладағы Peterborough Standart жергілікті газетінде жұмыс істеп жүргенімде таныстым. Сол кезде мен жергілікті түнгі клубтағы есірткі саудасы жөніндегі әңгімеге тап болдым. Маған бұл ақпаратты клубта жұмыс істейтін бірнеше адам берді.

Мен ақпаратты тексеріп, дәйексөздер жинадым және материал дайындадым. Ол бірінші бетке шықты. Алайда мен дереккөздерімнің есімдерін жария етпедім, өйткені бұл олардың жұмысына қауіп төндіруі мүмкін еді.

Келесі күні редактор мені өз кабинетіне шақырды. Қасында жергілікті полиция бастығы отыр екен, ол клубтан кіммен сөйлескенімді білгісі келді. Мен оларды айта алмайтынымды айтып, полицияның өздеріне тергеу жүргізуге жеткілікті себеп табады деп үміттенетінімді жеткіздім.

Таңғаларлығы, редактор менің сол оқиғаға қатысты барлық фактілер мен сөйлескен адамдардың есімдері жазылған дәптерімді полиция бастығына беруімді сұрады. Ол оны полицияға табыстады.

Бұл оқиға мені өз қауіпсіздік жүйемді жетілдіруге үйретті. Дәйексөздер мен ақпарат жазылған дәптерлер мен диктофондар, дереккөзді анықтайтын жеке мәліметтер қауіпсіз жерде сақталуы керек.

Сондай-ақ бұл жағдай маған дереккөзді қорғауға жауапты адам — материалды жазып жатқан журналист екенін көрсетті. Бұл редактор немесе басшы емес. Журналист ақпаратты кімнен алғанын редакторға айтуы мүмкін, бірақ кейде бұл тым қауіпті болуы ықтимал. Редактор материалды жариялау туралы шешім қабылдай алады, бірақ дереккөздің құпиялылығын сақтау шешімін нақты сол материалды жазып отырған журналист қабылдап, оны қорғау шараларын өзі қолдануы тиіс».

1970 жылдары жергілікті клубтағы есірткі жайлы ақпаратты жариялаған журналист полиция мен редактордың талабына бағыну немесе дереккөздерінің құпиясын сақтау арасында этикалық дилеммаға тап болды.

Топта осы жағдайды талқылап, сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Журналист полицияға дереккөзді беруден бас тартты, бірақ редактор дәптерді тапсырды. Кім дұрыс істеді? Неліктен?
2. Журналисттің ойынша, дереккөздің аты-жөнін жариялау неліктен қауіпті?
3. Ол дереккөздерді қалай қорғауға болар еді? Бүгінде бұл қалай жүзеге асады?
4. Өз орныңызда болсаңыз, бұл жағдайға қалай қарайсыз? 5-7 сөйлеммен күнделік жазып көріңіз.
5. Қазіргі технологиялар құпиялылықты қорғауды қалай қиындатады немесе жеңілдетеді?
6. Дереккөзді қорғау неге кәсіби ғана емес, моральдық таңдау да?

Кейс 4. The Guardian редакциясының дереккөздермен жұмысы.

1983 жылы 23 жастағы Сара Тисдалл — Сыртқы істер министрлігінің қызметкері құжаттарды ксерокөшірмелеп жатқан кезде, оларда АҚШ-тан Ұлыбританияға ядролық қару алып келген кеменің келуінен қоғамның назарын басқа жаққа бұруға арналған үкіметтің құпия жоспары бар екенін байқайды. Бұл билікті шектен тыс асыра пайдаланудың шок тудыратын жағдайы екенін бірден түсінген ол құжаттардың көшірмесін аты-жөнін көрсетпей The Guardian газетіне анонимді түрде хатпен жібереді. Газет бұл оқиғаны бірінші бетке шығарады.

Одан кейін, дереккөзді табудың жалғыз жолы — жіберілген құжаттарды жоюдың орнына, газет оларды сақтап қалып, қауіпсіздік қызметтеріне беруден бас тартады. Газет баспасөз бостандығын қорғап, үкіметке қарсы сотта күреседі. Алайда редакция өкілдері сотта жеңіліп, құжаттарды үкіметке тапсырады.

Қыз жұмыстан босатылып, мемлекеттік құпияны жария еткені үшін қылмыстық қудалауға ұшырайды. Ол алты айға түрмеге қамалады. The Guardian газеті оған өтемақы мен түрмеден шыққан соң жаңа жұмыс ұсынғанымен, Сара одан бас тартады және адам құқықтарын басқа салада қорғауды жалғастырады.

Толығырақ мына сілтемеден оқуға болады: <https://ethicaljournalismnetwork.org/protecting-sources-keep-journalism-alive>

ЖАҒДАЙДЫ ТОПТА ТАЛҚЫЛАП, КЕЛЕСІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗДЕР:

1. Сара Тисдалл құжаттарды журналистерге не үшін тапсырды? Ол ақпарат ашушы қаһарман ба, әлде заң бұзушы ма?
2. The Guardian редакциясының орнында болсаңыз, құжаттарды сақтар ма едіңіз, жойып, жарияламай ма едіңіз? Неліктен?
3. Неге редакция сотта жеңілді? Мемлекетпен ынтымақтастықтан бас тарту қандай қауіп төндірді?
4. Бұл істегі баспасөз бостандығы мен мемлекеттік құпияны қорғаудың қайсысы маңыздырақ? Неліктен?
5. Сара Тисдаллдың түрмеден кейінгі өмірі қалай өзгерді? The Guardian-да жұмыс істеуден бас тартуы неге байланысты?
6. Ұлыбританияда немесе басқа елдерде дереккөздерді қорғау заңдары өзгерді ме? Қазақстан заңнамасында дереккөздерді қорғау қалай қарастырылған?

Екеулеп талқылауды ұйымдастырыңыз (3–5 минут).
Жағдайды топта талқылап, келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- 01 Ақпарат ашушылар құқықтық қорғалуы керек.
- 02 Мемлекеттік құпия әрқашан жеке этикадан маңызды.
- 03 Журналист дереккөз үшін түрмеге баруы міндетті емес.



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Дудинова Е.И. Этика журналиста: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 236 с. - С. 138-154.

2. Лекция 13. Дружить или не дружить с источником? / Медиа этика: Из практики молодых специалистов. <https://openu.kz/ru/process/media-etika/guest/lesson/2413>

3. Риккарди Ш. Журналистская этика: как защитить уязвимые источники информации // IJNet Международная журналистская сеть. 2024.

8. ТРАГЕДИЯЛАР, ҚАҚТЫҒЫСТАР МЕН ЗОРЛЫҚТЫ ЭТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН КӨРСЕТУ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Медиадағы қайғы-қасіретті көрсетудің этикалық аспектілері.
2. Балалар мен осал топтармен зорлық жағдайында жұмыс істеу. Ерекше түсіру, сұхбат алу және кәмететке толмағандарды атау ережелері.
3. Зардап шеккендер мен куәлармен сұхбат.
4. Митингтер, төтенше жағдайлар, соғыстарды көрсету этикасы.
5. Редакцияда сезімтал контентпен жұмыс істеу. Редакциялық саясатқа көзқарастар.

Қазіргі заман жағдайында БАҚ-та қайғы-қасіретті көрсету журналисттен ерекше ұқыптылықты талап етеді. Қайғылы оқиғалар, апаттар мен зорлық-зомбылық туралы материалдарды жариялау қоғамның оқиғаны ұғынуына ықпал етуі мүмкін, бірақ бұл жәбірленушілер мен олардың жақындарына қайталама психологиялық жарақат салу қаупін де туғызады. Ауырсыну, үрей, мерт болғандардың денесі немесе тірі қалғандардың үмітсіздігін көрсететін бейнелер қосымша азап шектіріп қана қоймай, адамның қадір-қасиетін де қорлауы мүмкін. Әсіресе жәбірленушілер жариялауға келісім бере алмайтын немесе бейнелер оқиға контекстінен тыс, тек драматизм үшін қолданылатын жағдайларда бұл мәселелер аса өзекті. Сондықтан журналист әр жолы өз-өзіне мынандай сұрақ қоюы тиіс: бұл материалдың жариялануы қоғамдық мүдде үшін қаншалықты қажет және оқиғаның мәнін басқаша, аз жарақаттайтын тәсілдермен жеткізу мүмкін емес пе?

Балалармен және осал топтармен жұмыс жасауда ерекше этикалық нормаларды сақтау керек. Кәметет жасына толмағандар, мүмкіндігі шектеулі жандар, қарттар, мигранттар, жыныстық немесе тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары – мұның бәрі қоғам назарынан ерекше қорғанды қажет ететін топтар. Психологиялық жарақат алған адамдармен, апат немесе қылмыс құрбандарымен сұхбат алу ешқашан оңай болмайды. Әр жағдай – жеке, және әрқайсысында өзіндік этикалық қиындықтар мен дилеммалар бар. Егер ата-анасы немесе қамқоршысы айқын және саналы келісім бермесе, баланы тануға мүмкіндік беретін фотоларды жариялаудан бас тарту керек. Келісім алынған күннің өзінде, жарияланымның бала болашағына, яғни стигматизация, қауіпсіздік пен психикалық саулығына ұзақ мерзімді зиян келтірмейтініне көз жеткізу қажет. Тілді және контексті де мұқият таңдау маңызды: сипаттамалар құрметке сай, сенсацияға емес, құрмет пен парасаттылыққа негізделуі тиіс. Жәбірленушілердің жеке деректерін қорғау – тек заңды емес, этикалық міндет.

Зардап шеккендер мен куәгерлерден сұхбат алу аса сақтықты талап

етеді. Стресті немесе жарақатты бастан көшірген адамдар өз сөздерінің салдарын немесе жазбаға келісім беруінің нәтижесін әрдайым толық түсіне бермейді. Журналист сұрақ қоюда өте мұқият болуы керек, қысым жасамауы, травмалық тәжірибені қайта бастан өткеруге итермелемеуі қажет. Ашық, жұмсақ сұрақтар қойып, адам өзі қалайтын мөлшерде әңгімелеуге мүмкіндік берген жөн. Жарақат алған адамдармен жұмыс істегенде журналист тек кәсіби маман ғана емес, эмпатия танытатын сұхбаттасушы болуы тиіс. Кейде сұхбаттан бас тарту – этикалық тұрғыдан ең дұрыс шешім.

Митингтер, төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстарды жариялау кезінде ақпаратқа қоғам құқығы мен оқиғаға қатысушылардың қадір-қасиетін қорғау арасында тепе-теңдік сақтау керек. «Қайғылы оқиға орнынан репортаж» жасау кезінде журналистке жедел ақпарат беру, эксклюзив алу немесе «қызықты» кадр түсіру үшін қысым жасалуы мүмкін. Дәл осындай сәттерде этикалық шекараны бұзбау аса маңызды. Журналист қашықтық сақтап, зардап шеккендердің жеке кеңістігін құрметтеп, құтқару жұмыстарына кедергі келтірмеуі және дүрбелең туғызбауы тиіс. Митингтер мен қақтығыстарды жариялауда біржақты баяндаудан аулақ болып, барлық тараптың пікірін ескеріп, белгілі бір топты қаралау немесе өшпенділік тудырудан бас тарту қажет. Әскери қақтығыстар жағдайында ақпаратты тексерумен қатар, әр кадрдың артында – адамның өмірі бар екенін ұмытпау керек. Журналист материалды пропаганда құралына емес, адам тағдырына деген жауапкершілікпен дайындауы тиіс.

Осындай сезімтал контентпен жұмыс істеуде редакция ішінде нақты этикалық регламенттер мен бірыңғай саясат болуы керек. Әрбір шок туғызатын немесе эмоционалды кадрды жариялау міндетті емес. Қаза тапқандардың денесі, жылаған балалар немесе жарақат алғандар бейнеленген суреттерді жарияламас бұрын, олардың қоғамдық маңыздылығы мен ықтимал зияны таразыға салынуы керек. Мұндай материалдар триггер-ескертулермен, нақты белгілермен және мүмкін болса, оқиғаны визуализациялаудың балама тәсілдерімен бірге берілуі тиіс. Ауыр материалдарды жариялау шешімі бір адамның емес, редакция ішіндегі әріптестер, заңгерлер, қажет болса, психологтармен бірлесі отырып қабылдануы керек. Әсіресе бұл онлайн-материалдарға қатысты, себебі мұндай контент контексттен тыс кеңінен таралып кетуі мүмкін.

Соңында, ауыр материалдарды жариялау аудиторияға ғана емес, журналистің өзіне де әсер етеді. Осындай контентті шамадан тыс тұтыну немесе өндіру эмоционалды күйзеліс, кінә сезімі, мазасыздық тудыруы мүмкін. Редакциялар мұндай жағдайларда қолдау механизмдерін қарастыруы тиіс: жарақатты тапсырмалардан кейін дебрифинг, психологқа қол жеткізу, өзін-өзі реттеу әдістерін үйрету. Ал аудитория үшін – ең бастысы, жауапкершілікпен ұсынылған контент: контекстті түсіндіру, шок элементтерін азайту, түсіністік пен жанашырлықты күшейтетін тәсілдер. Этикалық тәсіл – бұл шындықтан бас тарту емес, қайғының ортасында қалғандарға және бұл туралы естігендерге деген құрметтің белгісі.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

Талқылау сұрақтары:

1. Қоғамның ақпарат алу құқығы мен адамның қадір-қасиеті мен жеке өмірін қорғау құқығы қай жерде бөлінеді, әсіресе қайғылы жағдайларда?
2. Трагедия орнында болған журналист қалай әрекет етуі керек: зардап шеккендерге көмектесуі керек пе немесе оқиғаны жазып алуы керек пе?
3. Шоктық немесе қатты эмоционалды күйде отырған адамдардан сұхбат алу заңды ма? Егер иә болса, қандай жағдайларда?
4. Редакция сезімтал контентті (суреттер, дыбыс, деректер) жариялау кезінде қандай критерийлерді ескеруі тиіс?
5. Мәдени және саяси контекст трагедияларды (соғыс, зорлық-зомбылық, өлім) қабылдауға және БАҚ-та көрсетуге қалай әсер етеді?

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ КЕЙСТЕР

1 Жаңалық материалын талдау (жазбаша немесе жұппен):

Жуырда болған нақты трагедия туралы бір БАҚ материалын таңдаңыз (апат, жаппай зорлық-зомбылық, жол-көлік оқиғасы, қарулы қақтығыс және т.б.).

ЖАЗБАША ТҮРДЕ КЕЛЕСІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗ:

1. Оқиға қалай баяндалған, фактілер қалай ұсынылған? Материалда эмоциялар бар ма? Олар қандай тәсілмен берілген? Сенсациялық элементтер бар ма?
2. Материал кейіпкерлері туралы қандай мәліметтер берілген? Зардап шеккендердің немесе жақындарының жеке өміріне қатысты құқықтары бұзылған ба? Осал топтар (балалар, құрбандар, босқындар) туралы айтылған ба? Қалай көрсетілген?
3. Өз оқиғасы этикалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс жарық көрген? Материалда қандай этикалық сұрақтар туындайды?

2 Гипотетикалық жағдайды талдау: Журналист зорлық шеккен бала анасынан сұхбат алады. Мұндай тақырыптарды БАҚ-та көрсету кезінде қандай қателіктер жиі кездеседі?

- Мәтінді және визуалды материалды редакциялау бойынша ұсыныстарды қалыптастырыңыз.
- Кәмелетке толмағандар мен осал топтармен жұмыс істеу кезінде журналист үшін чек-лист әзірлеңіз.

3 Жарияланымды этикалық тұрғыдан бағалау.

Казахстанская правда

ПРЕЗИДЕНТ	ПОЛИТИКА	ЭКОНОМИКА	ПРОИСШЕСТВИЯ	ОБЩЕСТВО
Рухани Жаңғыру	Мир Абая	100 новых лиц Казахстана	Летопись «Казправды»	Журналистское расследование
ГЛАВНАЯ СТРАНИЦА				

Не опуская рук

Уралец Гордей Трищенко вопреки особенностям, которые ему дала природа, с успехом преодолевает возникающие на пути преграды и реализует предложенные жизнью возможности: работает на престижном месте, занимается любимым хобби и вместе с женой растит трехлетнюю дочку.



4 Этикалық нормаларды бұзу арқылы жазылған мақала үзіндісі берілген. Студенттің міндеті — мәтінді кейіпкерлер мен оқырмандарға қатысты нейтралды, заңды және этикалық етіп редакциялау.

Астанада лесби жанұядағы қатыгез кісі өлтіру оқиғасы орын алды

«Астана қаласы Алматы ауданының прокуратурасы 5 мамырда тергеушінің Кристина Чернышеваны өлтіргені үшін айыпталған үш күдіктіге қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішін қолдады. Бұған дейін Кристина Чернышева бір жынысты некеге бейресми түрде тұрған қыздардың бірі ретінде танымал болған», – деп хабарлады Астанадағы Алматы ауданының прокуроры Алан Тленчиев. Оның айтуынша, аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру ісі бойынша айыпталушылар қамауға алынды.

Ресми деректерге сәйкес, ағымдағы жылдың 26 наурызында Кристина Чернышеваның жоғалып кеткені туралы белгілі болды, содан кейін ол іздеуге жарияланды. Тергеу барысында полиция қызметкерлері кісі өлтіру Астанада жасалғанын анықтады. Кісі өлтіру күдіктілері – үш қыз, олардың арасында бұрын Чернышевамен бейресми некеге тұрған жас әйел де бар. Аудан прокурорының айтуынша, кісі өлтірудің себебі марқұм мен айыпталушылар арасындағы жеке қатынастар болуы мүмкін. Тергеу мүддесіне байланысты басқа мәліметтер жария етілмейді. Кісі өлтіру фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды, ұсталғандарға 10 жылдан бастап өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қауіп төніп тұр.

Бұған дейін, дәстүрлі емес жыныстық бағдардағы екі қыз Қарағандыда үйлену тойын өткізгені хабарланған болатын. Астаналық тұрғындар Кристина (Крис) мен Каролина бейресми некеге тұрған. Үйлену тойы әдеттегідей өткен: лимузин, шампан, гүлдер және «ащы болсын» деген айқайлармен.

5 Зорлық-зомбылық пен трагедия құрбандарының фото және видеосын жариялау. BaigeNews сайтындағы материалды оқыңыз және мына сілтеме бойынша видеоны көріңіз: https://baigenews.kz/beremennaya_zhenshchina_sprygnula_s_mosta_v_reku_v_nursultane_119832/ және Instagram парақшасындағы видео: https://www.instagram.com/p/CUka6ukOLHa/?img_index=1.

- Сұрақтарға жауап беріңіз: Мақаладағы қандай элементтер журналистік этика қағидаттарын бұзуы мүмкін (тақырып, материалды беру тәсілі, егжей-тегжейлер, видеодағы көріністер)? Трагедияны сенсацияға айналдыру әрекеті бар ма? Құрбандардың жеке өміріне құрмет пен ақпараттандыру арасындағы тепе-теңдікті қалай бағалайсыз?

- БАҚ-та осындай жағдайлар туралы басқа жарияланымдарды табыңыз. Тіл, акценттер, визуалды контент бойынша қандай айырмашылықтар бар? Құрбан мен оның отбасының абыройы мен құпиялылығына деген құрмет қаншалықты ерекшеленеді? Қай басылымдар этикалық нормаларды жақсы сақтайды деп ойлайсыз?
- Кәсіби этикаға (бейтараптық, құрмет, зиянды азайту) сай келетін жаңалықтың балама тақырыбы мен беріліс формасын ұсыныңыз. Материалды визуалды түрде қалай безендіретін едіңіз?
- Өзіңіздің командаңызды жаңалықтар сайтының редакциясы ретінде елестетіңіз. Құрбанға деген құрмет пен қоғамдық мүдде арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін қандай түзетулер енгізер едіңіз? Дәлелдені.

6 Мәтінді оқып, оның және тақырыбының этикалық нормаларға сәйкестігін бағалаңыз.

НОВОСТИ КАЗАХСТАНА 14 июл, 12:03

Жол жиегіндегі әжетханада дүниеге келген қыз балаға отбасы табылды

7 2023 жылдың сәуірінде Қазақстанда балаларға қатысты зорлық-зомбылық және суицид фактілерін БАҚ-та жариялау бойынша журналистерге арналған нұсқаулық әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Бұл шешім көмелетке толмағандардың құқықтарын бұзып, қосымша зиян келтіруі мүмкін артық мәліметтер мен дербес деректердің жариялануына байланысты туындаған алаңдаушылықпен байланысты болды. 2021 жылы Қазақстандағы БАҚ-тың өзін-өзі реттеу жөніндегі Қоғамдық комитеті алғаш рет мәлімдеме жасаған болатын. Мәлімдеме материалдарымен мына сілтеме арқылы танысыңыз: https://newreporter.org/2021/10/25/obshhestvennyj-совет-po-samoregulirovaniyu-media-v-kazaxstane-sdelal-zayavlenie-po-osveshheniyu-popytki-suicida-v-nur-sultane/?utm_source=chatgpt.com және келесі сұрақтарға жауап беріңіз:


1. Қайғылы оқиға орын алған жерден фото мен видеоны жариялау неге этикаға сай келмейді, егер ол көпшілік орын болса да?
2. Мұндай жарияланымдар жәбірленушіге, оның отбасына және жалпы қоғамға қандай зиян келтіруі мүмкін?
3. Журналистер бұл жағдайға қандай көзқарас танытты, ал Қоғамдық кеңес өкілдері қандай ұстанымда болды?

4. Қазақстан заңнамасында немесе журналистер кодекстерінде мұндай жағдайларды реттейтін нормалар бар ма?
5. Егер сіз бас редактор болсаңыз және сізге оқиға орнынан фото мен видео ұсынса, қандай шешім қабылдар едіңіз?
6. Қайғылы оқиғаны жария ету қоғам үшін пайдалы бола ала ма? Егер иә болса, қандай жағдайда?

МИГРАНТ ОТБАСЫЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУДАҒЫ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ ШЕКАРАЛАР

AP агенттігінің материалы АҚШ-тан депортацияланған ата-аналардың балалары елде қалып, асырап алу жүйесіне түсіп жатқан жағдайлар туралы баяндайды. Журналистер АҚШ-тың көші-қон және сот жүйесінің олқылықтары нәтижесінде отбасылардың іс жүзінде ажырап қалуы — кейде ата-аналарға балаларының тағдыры туралы хабар берілместен — қалай орын алатынын зерттейді.

Мақаланы толық оқып шығыңыз. Қандай этикалық дилеммалар қозғалғанын жазыңыз. Материалдағы визуалды мазмұнның (фото, видео, инфографика) этикалық нормаларға сәйкестігін бағалаңыз.



Арасели Рамос (сол жақта) бес жастағы қызы Алексаға арқа арқылы қаратып, Facebook-тегі бұрынғы асырап алушы отбасының жариялаған суреттерін көрсетіп тұр. Сурет 2018 жылдың 18 тамызында Сальвадордағы Сан-Мигель паркінде түсірілген.

(AP Photo/Rebecca Blackwell)

1. Материалдағы осал қатысушыларды қорғау үшін қандай қадамдар жасау қажет? Балалар мен ата-аналардың жеке деректерінің қорғалғаны қамтамасыз етілді ме?

2. Мазмұнда ата-аналардың, билік органдарының және асырап алушы отбасылардың көзқарастары қаншалықты теңгерімді түрде көрсетілген?

3. Журналистер депортацияланған ата-аналармен, балалармен және асырап алушы отбасылармен жұмыс істеу кезінде этикалық нормаларды қалай сақтады? Бұл жарияланым иммигранттарға қатысты қоғамдық стигматизацияны күшейте ме, әлде керісінше, оларға дауыс береді деп айтуға бола ма?

4. Бұл оқиғаның қоғамдық маңызы неде? Ол жеке өмірге араласуды қаншалықты ақтайды?

5. Мазмұн қандай көркемдік немесе стилистикалық тәсілдерді қолданады? Олар эмпатия әсерін күшейтеді ме немесе эмоцияларға әсер етеді ме?



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. БАҚ және терроризмді жариялау: журналистика бойынша тренерлер мен оқытушыларға арналған нұсқаулық / ЮНЕСКО-ның журналистиканы оқыту сериясы. – ЮНЕСКО, 2023 ж. – 106 б.

2. Риккарди Ш. Жедел жаңалықтарды жариялау: қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қатысты оқиғаларды қалай баяндау керек / Халықаралық журналистік желі.

3. Хайт Дж., Смайт Ф., Брейн М. Трагедиялар және журналистер. <https://dartcenter.org/content/%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%B3%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B8-%D0%B6%D1%83%D1%80%D0%BD%D0%B0%D0%BB%D0%B8%D1%81%D1%82%D1%8B>

4. Дудинова Е.И. Журналист этикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012 ж. – 236 б. – Б. 138-154.

5. Куанова М. «Драма» және «шоу» трагедияда. Неліктен Бишімбаев ісі миллиондаған адамның назарын аударуда? / Азаттық радиосы. <https://rus.azattyq.org/a/drama-i-shou-na-tragedii-pochemu-sud-nad-bishimbaevym-privlekaet-vnimanie-millionov-/32906193.html>

9. МЕДИАДА СӨЙЛЕУДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ШЕКТЕРІ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Эмоционалды лексика: мәнерлілік пен манипуляция арасындағы баланс.
2. Тақырыптар жасаудағы этикалық принциптер.
3. Өшпенділік тіліне (hate speech) нөлдік төзімділік саясаты.
4. Сөздің қысым көрсету құралы ретінде этикасы: сұхбат алу және дәйексөз келтіру.
5. Қиын жағдайларда және зорлық-зомбылықты жариялауда тіл қолдану.

Тілдік құралдар этикалық тұрғыдан қабылданатын медиа контентін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Қазіргі журналистикада, аудиторияның назарын көбінесе тақырып пен алғашқы абзац анықтайтындықтан, көркемдік пен манипуляцияны айыра білу маңызды. Эмоциялық лексика, метафоралар, бағалау эпитеттері – бұлардың бәрі жаңалықтың әсерін күшейте алады, бірақ шеберліксіз немесе әдейі бұрмаланған жағдайда бұл қабылдауға қысым жасау құралына айналады. Образдылық пен сенсационалдықтың арасы – сөздер түсінуден гөрі эмоциялық реакцияға әсер ете бастағанда, дәлелдемелер мен фактілердің орнын басқанда өтеді.

Тақырыптар – әсіресе сезімтал аймақ: назар аудару талабы кликбейт, артық көрсетулер мен толық айтпауға алып келеді. Бұл тәсілдер журналистиканың негізгі қағидасын – нақтылықты бұзады. Тақырып материалдың мәнін көрсетіп, аудиторияны адастырмауы және олардың сезімін пайдаланбауы керек. Бұл цифрлық ортада ерекше маңызды, себебі алгоритмдер тақырыптарды пайдаланушының қызығушылығына қарай баптап, «ақпараттық көпіршікте» қалып қою қаупін күшейтіп, пікір алуандығын төмендетеді. Мұндай алгоритмдік контент алалаушылықты күшейтіп, позициялардың радикализациясына әкелуі мүмкін.

Журналистикалық этика үшін ең өткір сынақтардың бірі – өшпенділік тілі – белгілі бір топтарға қатысты алдын ала болжамды, кемсітуші немесе ксенофобиялық лексика. Жаулар тілі немесе жеккөрушілік риторикасы – медиадағы жағымсыз және қорлайтын көріністер мен сөздер, бір топтың өкілдері үшін қабылданбайтындар. Мұндай риторикаға этникалық белгілермен айыру, мүгедектерді кемсітетін сипаттамалар, сексистік немесе гомофобиялық мәлімдемелер жатады.

Өшпенділік тілі – кемсіту формаларының бірі болуы мүмкін, тітіркендіріп, төзімсіздікті қоздыруы ықтимал. Бірақ кейде шаблонды сөздер позитивті әңгімелерде қолданылады да, қоздырмайды. Сипаттамамен стигматизация арасындағы этикалық айырмашылық – ниетте: фактіні сипаттауға болады, ал белгілеуге болмайды. Жаулар тілі «біз – жақсы, олар – жаман» деп бөлуге және

басқа әлеуметтік топты дегуманизациялауға негізделген, бұл топқа қатысты зорлық-зомбылықты ақтауға әкеледі.

ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

- «Өздеріміз» мен «бөтендерге» бөліну, «біз оларға қарсы» деген қарама-қайшылық.
- Топтар арасындағы сенімсіздік пен өшпенділік деңгейін қолдау.
- Адамдарды жалпыадамзаттық құндылықтар төңірегінде бірігуге кедергі жасау.
- Белгілі немесе бейнелі түрде әлеуметтік/ұлттық/діндік/басқа топтарға қарсы әрекеттерге шақыру.
- Дискриминациялық лексика мен дегуманизацияның болуы.

Медиадағы сөздер қысым формасы ретінде қолданылуы мүмкін. Интервью мен дәйексөзде «тұзақ» немесе ұғымдарды ауыстыру қағидасымен құрылған манипулятивті сұрақтар қабылданбайды. Журналист мағынаны бұрмамауы тиіс, керісінше контексті сақтауы маңызды: фонсыз, түсіндірмесіз дәйексөз беделді түсіру немесе жалған көрсету құралына айналуы мүмкін. Сондықтан интервью этикасы сұхбат берушіге құрметпен қарауды, оның сөздерін дәл жеткізуді және «тақырып үшін» фразаларды алып тастаудан бас тартуды талап етеді.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

Талқылау сұрақтары:

1. Журналистік мәтіндерде аудиторияны манипуляциялау қаупі жоқ қандай деңгейдегі эмоционалдылыққа рұқсат етіледі? Hate speech деген не және оны рұқсат етілген сыннан қалай ажыратуға болады?
2. Тақырыптағы айқын метафоралар бейтараптық принципін бұзуы мүмкін бе? Мысалдар келтіріп, талқылаңыздар.
3. Этникалық, діни немесе гендерлік топтарды сипаттауда стереотиптен аулақ болу үшін қандай стратегияларды қолдануға болады?
4. Редакция қоғамдық маңызы бар ақпараттың бір бөлігі болған жағдайда жаулар тіліндегі цитаталарды жұмсартуы тиіс пе?
5. Кризис немесе апат жағдайында мәселенің назарын аудару үшін эмоционалды баяндама жасауға рұқсат етілген бе? Топтарда талқылаңыздар.

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР:

1) Инга Сикорскаяның жеккөрушілік тіл туралы бейнесін қараңыз. <https://school.cabar.asia/ru/video/chto-takoe-jazyk-vrazhdy-i-kak-ego-preodolet-v-zhurnalistike/>

Медиа материалдарынан ұқсас мысалдар табыңыз. Антимысалдар картотекасын құрыңыз және редакцияның өз нұсқасын дайындаңыз. Жеккөрушілік тілдің қолданылуы қоғамдағы стигматизация процесін қалай көрсетеді? Өз жауабыңызды негіздеңіз.

2) Қазақстандағы ұлтаралық жеккөрушілік тілін жеңу бойынша этикалық кодекспен танысыңыз.

Еркін сөз – адамның ең маңызды құқығы болғанымен, неліктен ол шектелуі мүмкін? Бұл шектеу жеккөрушілік тілімен қалай байланысты?

3) Орталық Азия елдерінің заңдарында жеккөрушілік тілге нақты құқықтық анықтама жоқ.

Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан және Тәжікстанда көбінесе Қылмыстық кодекстің сәйкес баптары қолданылады. Осы баптармен танысып, салыстырыңыз. Оларда қандай ерекшеліктер бар? Жеккөрушілік тілдің қолданылуы әрдайым заңмен жазаланатыны анық па? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

4) Жаңалық материалын талдау (жазбаша немесе жұппен).

Бір нақты медиа материалды таңдаңыз, онда эмоционалды лексика немесе жеккөрушілік тіл белгілері бар. Жазбаша түрде жауап беріңіз: оқиға қалай баяндалған, фактілер қалай көрсетілген, материалда эмоциялар бар ма, олар қалай берілген? “Жеккөрушілік тілден зорлықсыз коммуникацияға” атты жұмысындағы ұсыныстармен танысыңыз (б. 67-69). Өз мысалдарыңызды осы ұсыныстар тұрғысынан бағалаңыз. Қандай ұсыныстар басылым редакциялары тарапынан ескерілмеген?

5) Ұқсас кейстерді еске түсіріңіз. Қоғам қалай жауап берді?

Қандай түрдегі зорлықты коммуникация қолданылды? Бұл кейстің кейіпкеріне қалай әсер етті?

6) Мизогиния, сексизм, әлеуметтік конструктінің мысалдарын келтіріңіз.

Гендерлік зорлық тақырыбындағы әлеуметтік медиадағы жарияланымдарға жазылған пікірлерді ашып, жеккөрушілік мәлімдемелерді талдаңыз. Олар кімге бағытталған?



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Исманов, А., Купуева, Н., Станалиева, Г., Токтогулова, М., Турдубаева Э. Жеккөрушілік тілден зорлықсыз коммуникацияға. – Бішкек: 2023. – 120 б. https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/2023-06/from_hate_speech_to_non-violent_communication_ru_web.pdf

2. Инга Сикорская: жеккөрушілік тілі деген не және оны журналистикада қалай еңсеруге болады? <https://school.cabar.asia/ru/video/chto-takoe-jazyk-vrazhdy-i-kak-ego-preodolet-v-zhurnalistike/>

3. Риккарди Ш. Жедел жаңалықтарды жариялау: қатыгездік пен зорлыққа қатысты оқиғаларды қалай баяндау керек / Халықаралық журналистік желі. <https://ijn.net.org/en/story/beyond-breaking-news-humanizing-violent-events>

4. Қазақстандағы ұлтаралық жеккөрушілік тілін еңсеру бойынша этикалық кодекс. MediaNet. <https://medianet.ngo/archives/4994>

10. ЖУРНАЛИСТ ПЕН БИЛІК ОРГАНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЭТИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАҒИДАЛАРЫ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Билік пен қоғам арасындағы журналисттің делдал ретіндегі рөлі.
2. Биліктің іс-әрекетін жариялауда адалдық пен әділдік қағидалары.
3. Ресми дереккөздермен жұмыс: этикалық талаптар.
4. Билік пен қоғам арасындағы қақтығыстарды жариялаудағы этика.

Қазіргі қоғамда журналист билік пен азаматтар арасындағы ең маңызды делдалдық қызметті атқарады. Оның міндеті – билік өкілдерінің әрекеттері туралы дәл және тексерілген ақпаратты қоғамға жеткізу, биліктің ашықтығы мен есептілігін қолдау. Журналистиканың билік органдарынан тәуелсіз болуы демократиялық қоғам үшін өмірлік маңызы бар.

Сонымен қатар журналистиканың негізгі функцияларының бірі – биліктің «қамшы иттері» болу. Бұл журналистер билік органдарының іс-әрекеттерін мұқият қадағалап, сыни тұрғыдан бағалап, кемшіліктер, жемқорлық, құқықтар мен бостандықтардың бұзылуы туралы қоғамға хабарлауға міндетті дегенді білдіреді. Сондықтан журналист саяси ерік, қаржылық ықпал немесе әкімшілік қысымға тәуелді болмауы керек. Белгілі бір саяси күшке байлану немесе материалдық тәуелділік қоғамның сенімін бұзып, басылымның беделін түсіреді.

Журналист ақпаратты теңгерімді түрде беруі тиіс, оқиғаларды тенденциозды және біржақты баяндаудан аулақ болуы керек. Билік қысымында теңгерімді сақтаудың айқын мысалы ретінде Уотергейт ісін келтіруге болады. Ақ үйдің қысымына және дискредитациялауға қарамастан, The Washington Post басылымы жарияланымдарды тоқтатпады, тәуелсіздігін және журналистік стандарттарға беріктігін көрсетті. Журналистерге қауіп-қатерлер мен тергеуді тоқтату әрекеттері жасалды, бірақ олар өз жұмысын жалғастырып, қоғамның дәл ақпарат алу құқығын қорғады.

Журналист сонымен қатар максималды ашықтықты қамтамасыз етуге ұмтылуы керек, қоғам мүддесіне қызмет етіп, азаматтардың ақпарат алу құқығын басшылыққа алуы тиіс. Практикада журналист ақпарат пен биліктің мүддесін қызмет ету арасындағы шекараны түсінуі маңызды. Билік органдарының жағымды имиджін қалыптастыруға қатысу, сыни тұрғыдан қарамастан, журналистиканың кәсіби стандарттарын бұзады.

Ресми дереккөздермен жұмыс жасағанда, ресми мәлімдемелерге сыни көзқараспен қарау, фактілерді қайта тексеру, баспасөз қызметтері дайындаған материалдарды шартты түрде қайталаудан аулақ болу қажет. Ақпаратқа қол жеткізуге кедергілер мен «мемлекеттік құпия» мәселелері әлі де маңызды проблема болып табылады.

Билік пен қоғам арасындағы қақтығыстарды жариялауда этика ерекше назар аударуды талап етеді. Митингтерде, наразылықтарда, құқық бұзушылықтарды тергеу барысында журналист ашықтық қағидаларын қатал ұстануы, пікірлер теңдігін қамтамасыз етуі және оқиға қатысушыларының құқықтарын құрметтеуі қажет.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (2 САҒАТ)

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Неліктен журналистің саяси ерік, қаржылық ықпал және әкімшілік қысымнан тәуелсіздігі кәсіби этиканың негізі болып есептеледі?
2. Ресми дереккөздермен заңды жұмыс пен биліктің позициясын сын көзсіз қайталаудың арасындағы шекара қайда өтеді?
3. Билік пен қоғам арасындағы қақтығыстарды жариялауда (мысалы, митингтер, наразылықтар) теңгерімді қалай сақтау керек?
4. Журналист саясатпен айналысып, билік туралы жазуды жалғастыра ала ма? Неліктен?
5. Билік органдарының әрекеттеріне қатысты журналистік тергеулерге этикалық нормаларды бұзбау үшін қандай талаптар қойылады?

СИТУАЦИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМ

Кейс 1. Уотергейт

Уотергейт оқиғасы АҚШ тарихындағы ең маңызды саяси жанжалдардың біріне айналды. Ол 1972 жылғы 17 маусымда Вашингтондағы Уотергейт кешенінде Демократиялық партияның штабына заңсыз кірген бес адамның ұсталуымен басталды.

The Washington Post газетінің журналистері Боб Вудворд пен Карл Бернстайн тәуелсіз тергеу жүргізіп, фактілерді жасыру және билікті теріс пайдалану туралы кең ауқымды кампанияны ашты, бұл нәтижесінде Ричард Никсонның отставкаға кетуіне себеп болды.

Осы оқиғадан кейін АҚШ-та БАҚ-қа «төртінші билік» деген атау берілді, ол биліктің үш тармағының іс-әрекетін «қоғамдық бақылау» жасауға тиіс деп танылды.

ОСЫ КЕЙС МАТЕРИАЛЫНА АШЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕРДЕН ТАНЫСЫП, КЕЛЕСІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗ:

1. Тергеудің американдық саясатқа қандай салдары болды?
2. Анонимді ақпарат көздерін пайдалану этикалық тұрғыдан неге қажет ері қиын болуы мүмкін?
3. Егер Уотергейт тергеуі бүгінгі цифрлық орта мен әлеуметтік желілер жағдайында жүргізілген болса, қалай өзгерер еді?
4. Журналистердің әрекеттерін саяси қысым түрі деп санауға бола ма?
5. Журналистік тергеуде қоғамдық мүдде мен жеке өмірге араласу арасындағы шекара қай жерде?

Тапсырма 2.

Гейттерден (Қазахгейт, Моникагейт, Ирангейт, Кучмагейт, Климатгейт, Дизельгейт, Эльзагейт) таңдаған тақырып бойынша презентация дайындаңыз.

Тапсырма 3.

Тарихтағы үздік журналист-зерттеушілер туралы презентация дайындаңыз.



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. «Красильникова Г.Н. Журналистермен жұмыс істеуде не білу керек. Мемлекеттік қызметшілерге арналған нұсқаулық. Алматы, «Әділ сөз», 2014 ж. – 56 б. <https://adilsoz.kz/download/files/books/book015.pdf>
2. Апостолу Н., Филп Р. Жасырын жұмыс: GIJN зерттеуші журналистерге арналған нұсқаулық. <https://gijn.org/ru/resurs/rabota-pod-prikrytiem-posobie-gijn-dlya-zhurnalistov-rassledovatelej/>
3. Саяси журналистикаға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Құқықтық медиа-орталық ҚҚ, 2022 ж. – 92 б.
4. Утемисов Ж. ., Кошкенов Н. Қазақстан Республикасындағы БАҚ пен билік арасындағы қарым-қатынастар контекстіндегі медиа-қиындықтар // Евразиялық ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы. 2021. 134(1), 37–51. <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/201>

11. МЕДИАЗТИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫСЫМ: ЖАРНАМА, ДЕМЕУШІЛЕР, НАТИВТІ ИНТЕГРАЦИЯ

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Нативті жарнаманы пайдалану этикалық аспектілері.
2. Редакциялық тәуелсіздік және демеушілердің күн тәртібіне ықпалы.
3. Аудитория мүддесі мен жарнама берушілердің мүддесі.
4. Коммерциялық ынтымақтастық бойынша өзін-өзі реттеу және ішкі стандарттар.
5. Медиа саласындағы жарнаманың болашағы: персонализация, алгоритмдер және этика.

Қазіргі медиасферада редакциялық және жарнамалық контент арасындағы шекаралардың айқын болмауы себепті ақпараттың ашықтығы мен адалдығы ерекше маңызды. Жарнамалық материалдар журналистік мақалаларға ұқсатылып ұсынылған кезде аудитория адасып, медиаге сенім төмендеуі мүмкін, оқырмандарда күмән пайда болады.

Ашықтық принциптері оқырман, көрермен және тыңдаушы коммерциялық сипаттағы контент туралы хабардар болуы тиіс екенін талап етеді. Жарнама мен нативті материалдарды айқын белгілеу аудиторияның сенімін арттырып, манипуляция айыбынан сақтайды. Егер материал үшінші тараптың қатысуымен немесе қаржыландыруымен дайындалса, бұл анық әрі түсінікті түрде көрсетілуі керек.

Нативті жарнама форматы танымал болуда, себебі ол медиаконтенттің табиғи бөлігі сияқты көрінеді. Дегенмен, мұндай форматтың этикалық шекаралары анық: интеграция стильді әрі байқалмай орындалса да, оқырман материалдың коммерциялық сипаты туралы хабардар болуы қажет. Егер жарнамалық контент редакциялық материал ретінде берілсе, аудитория адасады, медианың сенімі төмендейді және ақпарат қабылдауы бұрмаланады. Бұл әсіресе денсаулық сақтау, саясат және білім беру салаларында қауіпті, себебі дезинформация салдары ауыр болуы мүмкін.

Демеушілер мен жарнама берушілер жиі басылым күн тәртібіне ықпал етуге тырысады. Қысым тікелей болуы мүмкін – материалды жою немесе өзгерту туралы өтініш арқылы, немесе жанама – қаржыландыру жоғалуы мүмкін деген қауіппен. Мұндай жағдайда редакциялық тәуелсіздік қауіпке ұшырайды. Мүдделер қақтығысы туындайды: журналистер кәсіби адалдық пен басылымның қаржылық тұрақтылығы арасында таңдау жасауға мәжбүр болады. Редакциялар жарнамалық түсімдерге тәуелді болған кезде журналистер өзін-өзі

цензураға мүмкін, әріптестер мен демеушілерге қатысты «қолайсыз» тақырыптарды қозғағысы келмеуі мүмкін. Бұл қауіпті прецедент туғызады – медианың қоғамдық функциясын маркетингтік мүдделермен ауыстыру.

Журналистер аудиторияның мүддесі жарнама берушілердің мүддесінен жоғары екенін есте сақтауы тиіс. Бизнесстің тартымды тақырыптары әрдайым қоғам үшін маңызды және өзекті болмайды. Этикалық таңдау ақпаратты бұрмалаудан немесе үнсіз қалудан бас тарту болып табылады.

Ішкі стандарттар мен өзін-өзі реттеу механизмдері этиканы практикада сақтау үшін маңызды рөл атқарады. Көптеген редакциялар жарнама орналастыру және демеушілермен ынтымақтастық ережелерін жасап, этикалық комитеттер тағайындап, нативті материалдарды бекіту үшін ашық процедуралар құрады. Мұндай механизмдер сенімнің бұзылу қаупін азайтып, аудитория алдындағы жауапкершілікті қамтамасыз етеді. Пайда қысқа мерзімді болуы мүмкін, бірақ медианың беделін жоғалту оңай емес. Этикалық нормаларды бұзып пайда табу басылымға қарсы әсер етуі ықтимал, әсіресе цифрлық ашықтық дәуірінде, онда кез келген ауыстыру оңай ашылады және қоғамдық кеңістікте талқыланады.

Маңызды этикалық мәселелерге балаларды тұтынушылық әрекетке тарту, баланы мақсат етпеген жарнамада пайдалану, жарнамада сексуализацияланған бейнелерді қолдану, оның ішінде балалардың бейнелерін сексуализациялау жатады. Соңында, цифрлық ортаның дамуына байланысты мәселелерді түсіну маңызды – персоналды деректерді жинау персонализацияланған жарнама үшін, алгоритмдік контент ілгерілету, қолданушы деректерімен манипуляциялар. Медиаөндірісті цифрландыру мен автоматтандыру жағдайында этикалық нормаларды жаңарту және олар туралы қоғамдық диалогты тұрақты жүргізу қажет.



ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА (2 САҒАТ)

Талқылау сұрақтары

1. Нативті жарнама дәстүрлі жарнамадан этикалық жағынан қандай ерекшелігі бар және бұл аудитория үшін неге маңызды? Егер оқырмандар нативті жарнаманы кәдімгі мақала ретінде қабылдаса, бұл олардың ақпаратты саналы тұтыну құқығын бұза ма?
2. Қай жағдайда демеушілік материалды редакциялық контентке орналастыруға болады, ал қай жағдайда – болмайды? Негізденіңіз.
3. Жарнама берушілердің редакциялық саясатқа қысым көрсетуінің қандай мысалдары бар? Редакциялар оған қалай қарсы тұра алады?

4. Медиаға деген сенімге неліктен ашық белгіленбеген тікелей жарнама ма, әлде манипулятивті редакциялық материал көбірек зиян келтіреді? Неге?
5. Жаңа технологиялар нативті жарнама мен жарнамалық журналистикадағы ашықтыққа қалай әсер етеді?

ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР МЕН КЕЙСТЕР

- 1 Бірнеше жаңалық сайттарын зерттеп, нативті жарнаманың мысалдарын анықтаңыз. Контенттің жарнамалық сипаты қаншалықты айқын көрсетілгенін және бұл аудитория қабылдауына қалай әсер ететінін талдаңыз. Маркировка болғанымен де көптеген оқырмандар материалдың жарнамалық екенін танымайтыны туралы зерттеулерге назар аударыңыз.
- 2 Аудиторияға нативті жарнаманы қалай тануға және редакциялық пен жарнамалық контентті неге ажырату маңызды екені туралы ақпараттық буклет немесе бейне ролик әзірлеңіз. Аудиторияның нативті жарнама туралы төмен деңгейдегі хабардарлығын көрсететін зерттеулерді ескеріңіз.
- 3 Генеративті жасанды интеллектіні нативті жарнама жасауға қолдану этикалық тәуекелдерін талқылаңыз (мысалы, манипуляцияның күшеюі және ашықтықтың төмендеуі). Бұл саладағы заманауи зерттеулерге сүйене отырып пікір алысыңыз.

КИНЕМАТОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА

Медиаға экономикалық қысым – «The Insider» фильмі»

«The Insider» фильмі Браун & Уильямсон компаниясының бұрынғы қызметкері Джеффри Вайгандтың темекі индустриясын ашқан оқиғасына және CBS телеарнасының 60 Minutes бағдарламасының журналистік тергеуіне негізделген. Редакция ішкі корпоративтік қысымға, соның ішінде иелер мен заңгерлер тарапынан, құқықтық және экономикалық тәуекелдерге байланысты қысымға ұшыраған.

Фильмді қарап шығыңыз, нақты оқиғалармен танысыңыз. «Редакциялық саясат пен корпоративтік цензура арасындағы шекара қай жерде?» тақырыбында қысқа эссе жазыңыз (300–400 сөз). Фильм мысалдарын және өз ойларыңызды пайдаланыңыз.

ТОПТАРДА КЕЛЕСІ СУРАҚТАРДЫ ТАЛҚЫЛАҢЫЗ:

1-топ. Корпорациялар мен инвесторлар қысымы жағдайында журналистің рөлі қандай? Продюсер Лоуэлл Бергман мен 60 Minutes редакторының әрекеттерін талқылаңыз. Олар қандай шешімдер қабылдайды және неге? Фильмдегі жағдайды журналистік этиканың бұзылуы деп қарастыруға бола ма? CBS басшылығының «үшін» және «қарсы» позицияларын дәлелденіз. Лоуэлл Бергман немесе бағдарлама бас редакторының орнына өзіңіз қалай әрекет етер едіңіз?

2-топ. Қазіргі редакцияларға қысым көрсету жағдайларымен ұқсастықтарды талқылаңыз: кім және қандай әдістермен қысым көрсетеді? Фильмде журналистер мен редакцияларға экономикалық қысымның қандай формалары көрсетілген? Үлкен коммерциялық медиада жұмыс істейтін журналистер қандай тәуекелдерге тап болады? Заңгерлер, инвесторлар немесе директорлар кеңесінің қысымы бойынша материалды өзгерту немесе жариялауды кейінге қалдыру қаншалықты қабылданады? Бұны қазіргі БАҚ-тың нақты жағдайымен салыстырыңыз.

3-топ. Фильм қоғамдық мүдде мен медиа компаниясының мүддесі арасындағы қақтығысты көрсетеді. Мұндай жағдайларда басымдық не болуы керек деп ойлайсыз? Медиа компанияларының экономикалық мүдделері журналистиканың сапасына жүйелі түрде әсер етеді деп айтуға бола ма? Редакцияларды қысымнан қорғаудың қандай механизмдері болуы мүмкін? Фильмнен Қазақстан мен басқа елдердің журналистеріне қандай сабақ алуға болады?



ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР:

1. Дудинова Е.И. Журналист этикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 236 б.

2. Абдуллина М.Р. Журналистика, жарнама және PR саласындағы кәсіби этика: практикум / М.Р. Абдуллина, А.Д. Кривоносов. – СПб.: СПбГЭУ баспасы, 2019. – 28 б.

12. ВИЗУАЛДЫҚ КОНТЕНТ ЭТИКАСЫ: ФОТО, ВИДЕО, ГРАФИКА

Дәріс тезистері (2 сағат)

1. Визуалдық контентті өңдеудің этикалық шекаралары.
2. Трагедия құрбандары мен осал топтар өкілдерінің бейнесі.
3. Визуалдық контенттегі санасыз кереғарлық.
4. Визуалдық контентті таратудағы этикалық стандарттар мен заңдық жауапкершілік.
5. Жасанды интеллект көмегімен жасалған кескіндердің маркировкасы.

Фото және видеоны журналистикада пайдалану әрдайым этикалық мәселелерге байланысты болды. Ең маңыздысы – адамның құқықтарын сақтау және адам қадір-қасиетін қорғау. Адамдардың суреттерін жариялау журналистің мүмкін салдарларға жауапкершілігін алады. Бұл әсіресе трагедиялар мен қайғылы оқиғаларға қатысты. Бір жағынан, мұндай суреттер мәселені назарға алуға көмектеседі, екінші жағынан – зардап шеккендер мен олардың отбасыларының қайғысын күшейте алады. Мұндай материалдардың жариялануын мұқият бағалау және ықтимал салдарды ескеру ұсынылады.

Кевин Картердің атақты фотосуретін еске алайық. Суданда 1993 жылы түсірілген, кедейлікке ұшыраған баланың жанында құс тұрған сурет көп қоғамдық резонанс туғызды және Картерге Пулитцер сыйлығын әкелді. Бірақ суретші баланың азап шегуін кәсіби танылу үшін пайдаланды деп сынға да ілінді. Мақала авторы журналистердің кәсіби борышын құжаттау мен моральдық міндеттілік – көмектесу арасында тепе-теңдікті сақтау қажеттігін атап көрсетеді. Бұл оқиға визуалдық контенттің аудиторияға әсерін және мұндай суреттердің жариялануынан туындайтын салдарды көрсетеді.

Балалар, мүмкіндігі шектеулі адамдар, мигранттар және басқа осал топтарды бейнелеуде ерекше назар қажет. Этикалық емес көрсету стереотиптер мен кереғарлықты күшейте алады. Әдетте, шок суреттерді аудиторияны тарту үшін пайдалану журналистік этика кодекстерінде қарастырылады. Журналист зардап шеккендердің жақындарының сезімін құрметтеуі керек. Мұндай материалдар жарияланбас бұрын олардың келісімі қажет.

Кадрдың бұрышын, жарықтығын және композициясын таңдау бейнеленген адамдар мен оқиғалардың қабылдауына әсер етеді. Санасыз кереғарлық визуалдық контентте көрінуі мүмкін, сондықтан оны түсініп, азайту маңызды. Инфографика мен деректер визуализациясы дәл әрі адастырмайтын болуы керек. Статистика немесе деректердің дұрыс көрсетілмеуі аудиторияның түсінігін бұрмалай алады. Журналистер дереккөздер мен визуализация әдістерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Жасанды интеллекттің дамуымен дипфейктер мен жасанды кескіндер пайда болды, олар дезинформация үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай материалдарды таратудағы жауапкершілік және олардың қолдану этикалық стандарттарын әзірлеу мәселелері туындайды.

Цифрлық технологиялар кескіндерді өңдеуді жеңілдетті, бұл визуалдық контенттің сенімділігіне күмән тудырды. Зерттеулер көрсеткендей, тіпті аз өзгерістер де шындықты бұрмалап, аудиторияны адастыруы мүмкін. Кескіндерді бастапқы контекстен тыс пайдалану жалған баяндаулар тудыруы ықтимал. Мысалы, түсірілген уақыт пен орынды көрсетпей суреттер жариялау дезинформацияға әкеледі. Журналистер визуалдық контенттің дәлдігі мен контекстілік болуын қамтамасыз етіп, аудиторияның сенімін сақтауы тиіс.

Жасанды интеллект арқылы өзгертілген немесе жасалған кескіндерді ашық белгілеу қажет. Бұл аудиторияға түпнұсқа материалдар мен өзгертілгендерді ажыратуға көмектеседі және медиаға сенімді қолдайды. Бұл аспектілер визуалдық контентті жасау мен таратуда этикалық тәсілдің маңыздылығын айқындайды.



ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ (4 САҒАТ)

Талқылау сұрақтары

1. Журналистикадағы визуалдық контент этикасында негізгі принциптер қандай?
2. Осал жағдайдағыларды (құрбандар, балалар, үйсіздер, науқастар) түсіруде қандай моральдық және құқықтық шекаралар бар?
3. Фото және видеоконтентті ретуштау мен цифрлық өңдеу қаншалықты рұқсат етіледі, коррекция мен манипуляция арасындағы шекара қай жерде?
4. «Зиян келтірме» принципі визуалдық журналистикада, әсіресе трагедиялар, қақтығыстар, апаттар жағдайында қалай жұмыс істейді?
5. Цифрлық орта, әлеуметтік желілер және қолданушы контенті жағдайында этикалық нормалар қалай өзгерді?

Құлаған ұшақ кейсі

2024 жылдың 25 желтоқсанында Ақтауда Azerbaijan Airlines жолаушылар ұшағы құлады. Өуе кемесі Бакуден Грозныйға ұшып бара жатып Ақтауда шұғыл қонуға сұрау салған, бірақ қону сәтсіз аяқталған. Блогер Азамат Сарсенбаев дронымен ұшақ апаты орындарының суреттерін түсіріп жариялады. Трагедия орнынан алынған кадрлар көптеген халықаралық БАҚ-та жарық көрді, алайда Азамат полицияның заңды талаптарын орындамағаны және құтқару қызметтері мен тергеу жұмыстарына кедергі жасағаны үшін 10 тәулікке қамалды.


Қазақстанның вице-премьері Қанат Бозымбаев жағдайға пікір білдіріп, кейбір журналистер хайп жасау үшін мәйіттерді көрсеткенін сынап, БАҚ-ты этикаға сай болуға шақырды. Саясаткер белгілі бір танымал ресурстарда ұшақ апаты орнынан зардап шеккендердің суреттері жарияланғанына наразылық білдірді.

Тапсырма:

Осы оқиға туралы материалдар мен жарияланымдарға жазылған пікірлерді оқып, блогер, оқырмандар және зардап шеккендердің туыстары тұрғысынан жағдайды бағалаңыз.

- Сіздің пікіріңізше, апаттан кейін қандай визуалды материалдар жариялауға жарамды, қай материалдар жарамсыз? Бұл шекараны кім және қалай анықтауы тиіс (автор, редакция, платформа).
- Азамат Сарсенбаевтың қамалуы пікір білдіру еркіндігін бұзу ма? Жауабыңызды негіздеңіз.


Қашып кеткен пациенттер туралы кейс



Almaty.tv
Разыскиваются трое пациентов психи...



Казахстанская правда
Троих пациентов психиатрической клин...



Казинформ
Разыскиваются трое пациентов психи...

Алматыдағы психиатриялық орталықта ерікті түрде емделіп жүрген үш жасөспірім белгісіз бағытқа кетіп қалған. Полиция мен орталық қызметкерлері оларды үшінші күн қатарынан іздеп жатыр. Материалды оқыңыз, төмендегі скриншотқа назар аударыңыз және келесі сұрақтарды талқылаңыз: Неліктен медиа әртүрлі визуалды форматтарды қолданады? Бұл ненің негізінде таңдалады? Осындай материалды сіз қалай иллюстрация етер едіңіз? Неге дәл солай?

Салим Аминнің визуалды контенттің этикалық шектері туралы кейсі

Салим Амин — Ethical Journalism Network ұйымының жетекшісі, Africa24 Media-ның тең құрылтайшысы және бұрынғы төрағасы.



«Жақын оқиғаларға келсек, 2019 жылдың 15 қаңтарында Кенияның Найроби қаласындағы менің кеңсеме бірнеше жүз ярд жерде “Аш-Шабааб” лаңкестік тобы Dusit халықаралық қонақүйі, бірнеше халықаралық компания, банк және мейрамхана орналасқан ғимаратқа шабуыл жасады. Лаңкестер сейсенбі күні сағат 15:00-де, ғимаратта көптеген адамдар болған кезде оқ жаудырды, ал атыс Кения қауіпсіздік күштерімен тағы 18 сағатқа созылды.

Жергілікті және халықаралық тілшілер атыс басталғаннан кейін бірнеше минут өткен соң оқиға орнына жетті — және олардың кейбірі құқық қорғау органдары келгенге дейін де, келгеннен кейін де кешеннің ішіне кірген.

Зорлық-зомбылық көріністерін түсірген фоторепортерлер бірден жергілікті жұртшылықтың сынына ұшырады... Суреттерді жариялау этикасы төңірегінде дау туды.

Кения тұрғындары — жалпы африкалықтар — халықаралық БАҚ Африканы үнемі жағымсыз қырынан көрсетеді деп есептейді және Батыс елдері тұрғындарымен салыстырғанда африкалықтарға деген қатынаста нәсілшілдік элементтерін көреді.

Мысалы, The New York Times пен басқа да жетекші Батыс БАҚ 11 қыркүйектегі шабуылдар, Лондон мен Париждегі жарылыстар немесе мектептерге және басқа да қоғамдық орындарға жасалған шабуылдар кезіндегі құрбандардың денелерін ешқашан көрсеткен емес — мұндай оқиғалар АҚШ-та дерлік апта сайын болады... Африка тұрғындарының денесі мен Батыс тұрғындарының денесі арасында айырмашылық бар ма?

***Салим Аминнің «Азаматтық журналистика, фотосуреттерді өзгерту және фотожурналистикадағы этика» еңбегінен үзінді

